

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

ЖОБА



**«2023-2024 оқу жылында ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ  
ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ»  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ**

Астана

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттама)

**«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.** – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 112 с.

Әдістемелік нұсқау хатта Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының 1-11-сыныптарында 2023-2024 оқу жылындағы білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар берілген.

Әдістемелік нұсқау хат орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023

## *Құрметті әріптестер!*

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы осы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнаманы ұстануға, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқау хат облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшыларына, жалпы білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне, өңірлік әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің әдіскерлеріне арналған, білім беру қызметін ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған келесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды:

- 2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттар;

- бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен бастауыш білім беру пәндерінің бағдарламаларындағы өзгерістер;

- пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру (оқу және жазу сауаттылығы, математикалық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық); пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді дамыту; цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту; STEM/STEAM технологияларды қолдану; құндылыққа бағдарланған оқытуды іске асыру; тұлғаға, іс-әрекетке бағдарланған және инновациялық тәсілдерді іске асыру, оқу процесіне тиімді әдістер мен технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Білім беру процесінде білім алушы басты назарда тұрады және барлық оқыту процесі оған қолайлы әрі қауіпсіз орта құруға бағытталады.

Бастауыш білім беруде «Цифрлық сауаттылық» пәнін және «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» мен «Бейнелеу өнері» пәндерін жеке оқыту жалғасады.

Бастауыш білім беру деңгейінде тілдерді кезең-кезеңімен оқыту шеңберінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2-сыныптан «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады.

«Шетел тілі» оқу пәні 1-2-сыныптарда оқытылмайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында негізгі орта білім беруде академиялық білімге, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, пәндік, метапәндік дағдылар мен құзыреттерді дамытуға, STEM-тәсілі негізінде оқытуға, тәрбиелік компонентті күшейтуге және инклюзивті орта қалыптастыруға баса назар аударылатын болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеуге және білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Алдағы оқу жылында үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс атқару өзекті міндет болады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

**Құрметті ұстаздар!** Бұл әдістемелік нұсқау хат Сіздерге алдағы оқу жылында білім беру процесін сапалы ұйымдастыруда тиімді әрі пайдалы болады деп сенеміз.

ЖЖОБДА

## I 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- ❖ 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін, 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін оқыту жалғасады.
- ❖ Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады.
- ❖ Жоғары сыныптарда ағылшын тілінен оқу жүктемесі 1 сағатқа артады.
- ❖ Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған кезде қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.
- ❖ Экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамыту бойынша бағдарламалардың мазмұнына тақырыптарды қосу
- ❖ Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру
- ❖ Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту (үлгерімі төмен және үлгерімі жоғары білім алушылар арасындағы алшақтықты қысқарту)
- ❖ Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналар академиясын» құру
- ❖ Домбыра тарту бойынша факультативтік курстар өткізу, мектептердегі шахмат секцияларының желісін кеңейту
- ❖ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 жоба» жобалар шеңберінде іс-шаралар өткізу арқылы тәрбие жұмысын күшейту, мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру
- ❖ «Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру: «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу
- ❖ «1000 көшбасшы» республикалық кадрлық резервтің деректер қорын құру
- ❖ Цифрлық технологияларды пайдаланып, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарындағы ауылдық шағын жинақты мектептердің әлеуетін дамыту жобаларын іске асыру

## **1.1 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>; ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>);

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032306>);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 ж. №376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>);

– «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы

білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 24.03.2022 ж. №104 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138>);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 ж. №265 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>);

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011716>);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы №559 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.12.2022 ж. №492 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128>);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 22.12.2022 ж. № 513 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495>);

– «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 02.02.2022 ж. №34 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31730757](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31730757));

– «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының



педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>);

– «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы №547 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768>);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292>);

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890>);

– «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013418>);

– «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029446>);

– «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279>);

– «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420>);

– «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085>);

– «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың



үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 ж. №350 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553>);

– «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067>);

– «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №333 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028915>);

– «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.08.2022 ж. № 371 бұйрығымен);

– «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым №292 бұйрығы [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37431780](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37431780));

– «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414>);

– «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare>;

– «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare>.

*Қолданыстағы НҚА-дағы өзгерістер мен толықтырулар Әділет ақпараттық жүйесінде көрініс табады.*



**Назар аударыңыз!**

✓ МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламалары Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының [Altynsarin Academy \(uba.edu.kz\)](http://AltynsarinAcademy(uba.edu.kz)) сайтында орналастырылған.

✓ Педагогтер МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламаларының электронды нұсқасымен жұмыс жүргізе алады.



## 1.2 ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж №365; 30.09.2022ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен жүзеге асырылады.

Осы бұйрыққа сәйкес жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу процесінде Үлгілік оқу жоспарының екі түрі: Үлгілік оқу жоспарлары және төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары қолданылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары, үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын төмендетілген оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Білім беру ұйымдарында оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарына меншік түрі мен нысанына қарамастан педагогикалық кеңестің шешімі негізінде оқу процесі жүзеге асырылатын үлгілік оқу жоспарын таңдауда академиялық еркіндік беріледі.

Білім беру ұйымдары жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022ж 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарларына 2022 ж. 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен келесідей өзгерістер енгізілді:

### **Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:**

– оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінің оқу жүктемесі 2, 4-сыныптарда 1 сағатқа (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 9, 12-қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916> );

– оқыту қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде жүргізілетін сыныптарда «Жаратылыстану» пәнінің оқу жүктемесі 3-4-сыныптарда 1 сағатқа көбейді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8,9,10,11,12-қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916> ).

### **Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша:**

- оқыту қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілінде жүргізілетін сыныптарда «Жаратылыстану» (5-6-сыныптарда), «Алгебра», «Физика», «Химия», «Биология», «Қазақстан тарихы» пәндерінің (7-9-сыныптарда) оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13,14,15,16,17-қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916> ).

### **Вариативтік компонент бойынша:**

Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз етуге арналған оқу пәндерінің комбинациялары 1 сағат көлемінде оқытылады.

### **Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша:**

Оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес «Физика», «Химия», «Биология» пәндерінің оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді (38,40 қосымшалар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>)

Оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша Жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарына сәйкес:

– «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінің оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді;

– таңдау пәндері (тереңдетілген деңгей): «Шетел тілі» (екінші тіл), «Дүниежүзі тарихы», «География», «Құқық негіздері» пәндерінен 10-11-сыныптарда 2 пән 2 сағаттан оқытылатын болды.

– таңдау пәндері (стандарттық деңгей): «Физика», «Химия», «Биология», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндерінен 10-11-сыныптарда 2 пән 2 сағаттан оқытылатын болды (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022ж. №412 бұйрығына 18,20,22,26 қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>).

Оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша Жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарына сәйкес:

– «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінің оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді;

– таңдау пәндері (стандарттық деңгей): «Дүниежүзі тарихы», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Құқық негіздері» пәндерінен 10-11-сыныптарда 2 пән 1 сағаттан оқытылатын болды (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022ж.№412 бұйрығына 19,21,23,24,25 қосымшалар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>).

Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын пайдаланады (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767>).

Алдағы оқу жылында оқу бағдарламаларындағы өзгерістер тек 2 сыныпқа ғана әсер етеді, атап айтқанда:

- 1-2-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін жеке оқыту жалғасады (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1, 2, 3-қосымшалар <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029136#z18>); «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту жалғасады (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 1, 2, 3-қосымшалар <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029136#z18>); «Шетел тілі» пәні оқытылмайды.

- Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту енгізіледі.

### 1.3 ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Білім берудің жаңа әдіснамасын, тұлғалық-әрекеттік, құзыреттілік тәсілдерді және олардың кіріктірілген инновациялық STEM-тәсілінің әлеуетін іске асыру мектептегі білімнің мазмұндық-әдістемелік негіздерін қайта қарауды көздейді.

#### **Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл**

Білім берудегі құндылық тәсілі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Бұл тәсіл білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиелеуді интеграциялауға, білім беру әдістемесін, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағытталған.

Орта білім беру мазмұнында базалық құндылықтар ретінде:

- қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- құрмет;
- ынтымақтастық;
- еңбек пен шығармашылық;
- ашықтық;
- өмір бойы білім алу айқындалған.

#### **Оқыту мен тәрбиелеудегі құзыреттілік тәсіл**

Құзыреттілік тәсіл – бұл құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерін көрсететін және білім алушыларды даярлаудың практикаға бағдарланған сипатына, міндеттер мен жағдайларды шешу бойынша олардың өзіндік жұмысының рөлін күшейтуге ықпал ететін білімге қойылатын талаптар жүйесі. Бұл тәсілде практикалық тапсырмалар теориялық білімнен басым болады және оқушыларды әртүрлі жағдайларда және жаңа жағдайларда білімді қолдануға бағыттайды.

Құзыреттілік тәсіл іс-әрекетке деген көзқарастың негізгі тұжырымын қамтиды – «іс-әрекет арқылы оқыту» және оны білім алушы игерілген білімді іс жүзінде қолдана білуі керек деген талаппен күшейтеді.

Құзыреттілік тәсіл адамның өмір бойы алған білімін адам қызметінің әртүрлі салаларындағы өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін пайдалану қабілетін сипаттайтын функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған.

#### **Тұлғаға бағытталған тәсіл**

Оқыту мен тәрбиелеуде тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты білім алушының жеке қасиеттерін ашу және мақсатты дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Мұндай тәсілді жүзеге асыру оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Білім алушы - тұлға белсенді әрекет ететін мақсатты субъект ретінде тұлғаға бағытталған тәсіл аясында әрекет етеді.



Тұлғаға бағытталған тәсіл келесі ерекшеліктермен сипатталады: мазмұн даму құралы ретінде қарастырылады; жеке мүмкіндіктер мен ерекшеліктер ескеріледі; оқу материалы білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып әртүрлі нұсқада ұсынылады; диалог режимінде білім алушылармен тең қарым-қатынас құрылады; нәтижелер ғана емес, сонымен қатар қызмет процесі де бағаланады; барлық білім алушыларға өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беретін жағдайлар жасалады.

Тұлғаға бағытталған тәсіл білім алушылардың қажеттіліктерін бірінші орынға қою арқылы оқу нәтижелерін жақсартады. Тұлғаға бағытталған тәсілдің құндылығы баланың жеке басын оның бірегей жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге негізделген.

### **STEM/ STEAM технологияларын қолдану**

STEM - жаратылыстану, технология, инженерия және математика сабақтарын біріктіретін оқу бағдарламасы. STEAM технологиясы білім берудің бес саласын бірыңғай оқыту жүйесіне біріктіреді (өнер қосылады).

Білім беру процесінде STEM/STEAM технологияларын қолдану жекелеген пәндерге емес, белгілі бір тақырыптарға сәйкес интеграцияланған оқытуды қамтамасыз етеді.

STEM/STEAM оқыту технологиялары білім алушыларда пәндік және метапәндік құзыреттерді қалыптастыруға, сыни ойлауды, проблеманы шығармашылық шешу дағдыларын және командадағы қызметті дамытуға арналған белсенді оқытудың заманауи әдістерін, пәнаралық цифрлық мазмұнды, пәнаралық және қолданбалы оқу тапсырмаларын қолдануды көздейді (<https://www.livescience.com/43296-what-is-stem-education.html>).

STEM/ STEAM технологияларына негізделген тәсіл сабақта да, сабақтан тыс уақытта да қолданылады. Сабақтарды өткізу кезінде проблемалық бағдарланған және эвристикалық оқытуды, ал сабақтан тыс уақытта – жобалық және зерттеушілік - бағдарланған оқытуды қолдану ұсынылады.

Педагогтерге оқу тапсырмаларының, шығармашылық жобалардың негізінен қолданбалы сипатын қолдана отырып, сабақтарды, оқу сабақтарын жоспарлау ұсынылады. Сонымен қатар, тапсырмалар мен жобаларды орындау бірлескен шығармашылық, зерттеу қызметін қамтиды, оның барысында өзара қарым-қатынас орнату қабілеті дамиды. Білім алушының педагогпен және басқа білім алушылармен бірлескен оқу іс-әрекеті процесінде алынған өнімнің маңыздылығына назар аудару қажет.

### **Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру**

Функционалдық сауаттылық дегеніміз алған білімдерін күнделікті мәселелерді шешу үшін қолдану қабілеті. Функционалдық сауаттылықты дамыту болашақ кәсіби қызметте және жалпы өмірде дағдыларды қолдану үшін қажет.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы үш негізгі компоненттен тұрады:

- **Оқу сауаттылығы:** оқудың дұрыстығын, жылдамдығы мен еркіндігін

емес, оқылған мәтінді, сұрақты және әртүрлі тапсырмаларға арналған нұсқауларды түсінуді қалыптастыру;

- **Математикалық сауаттылық:** күнделікті өмірде жеке, қоғамдық және кәсіби мәселелерге әсер етуі мүмкін әртүрлі контекстер мен пайымдаулардағы практикалық есептерді шешуге бағытталған;

- **Жаратылыстану сауаттылығы:** зерттеу әдістерін қолдана отырып, әртүрлі құбылыстарды, фактілерді, оқиғаларды ғылыми тұрғыдан түсіндіре білу.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығының негізгі құзыреттерін қалыптастыру кең ауқымды дағдыларды қалыптастыратын қосымша компоненттермен бірге жүреді: креативті ойлау; сыни ойлау; зерттеу дағдылары; коммуникация; рефлексия; жаһандық құзыреттілік.

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін үш негізгі компоненттер үшін дұрыс тапсырмаларды таңдау маңызды. Функционалдық сауаттылықты дамыту жөніндегі тапсырмалар жыл бойы оқу процесінде біркелкі бөлінуі, балалардың жасына және олардың когнитивтік ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс. Бастауыш мектепте тапсырмалардың оқушылардың практикалық тәжірибесіне сәйкес келуі маңызды. Орта және жоғары сыныптарда білім көлемін және ақпаратты талдаудың күрделілігін біртіндеп арттыру ұсынылады. Пәнаралық және метапәндік сипаттағы интеграцияланған тапсырмалар берілуі керек. Тапсырмаларды орындауда дербес және топтық зерттеу жұмыстарын, жобалау қызметін көздеуі тиіс. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін қолдануды талап етеді.

### **PIRLS-2021**

PIRLS-2021 нәтижелері білім алушылардың ақпараттық мәтін, интерпретация, интеграция және бағалау бойынша тапсырмаларды орындауда балдарының төмендегенін көрсетті.

Білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту бойынша *ұсыныстар*:

- оқу процесінде ақпараттық мәтіндерді пайдалануды кеңейту;
- шынайы оқу материалдарын (басқа мектеп пәндерінің материалдары, нұсқаулықтар (рецептер), өмірбаян, электрондық хаттар, газет мақалалары, әлеуметтік желілердегі жазбалар) пайдалану;
- оқуды оқытуды басқа пәндермен интеграциялау; оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту тек тілдік пәндер сабақтарында ғана емес, пәнаралық контексте де жүруі тиіс;
- оқудың әртүрлі стратегияларын қолдану дағдыларын дамыту, атап айтқанда білім алушылардың оқуды интеграциялау, жалпылау және бағалау дағдыларын дамыту;
- өз пайымдауларын келтіруді талап ететін тапсырмаларды (ашық сұрақтар), сондай-ақ «қарапайымнан күрделіге» қарай тапсырмаларды пайдалану;
- оқу үшін мәтінді таңдағанда сараланған тәсілді қолдану;
- цифрлық мәтіндермен, оның ішінде интернет-ортада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға машықтану;
- пәнді оқыту шеңберінде білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту.

## TIMSS

Қазақстанның TIMSS циклдарына қатысу нәтижелері бойынша мынадай ұсынымдар беруге болады.

Неғұрлым күрделі тапсырмаларды орындауға қабілетті білім алушылардың үлесін арттыру үшін білім алушыларда стандартты емес міндеттерді шешуді, деректерді түсіндіруді, нақты өмірлік жағдайларда білімді қолдануды, себеп-салдар байланыстарды орнатуды, экожүйелердегі процестер мен қатынастарды түсінуді қоса алғанда, жоғары тәртіптегі дағдыларды дамыту қажет.

Бастауыш мектептегі математика сабақтарында қарапайым және ондық бөлшектермен жұмыс істеуге, сондай-ақ деректерді ұсынуға ерекше назар аудару сұралады. Кестелік мәліметтермен, графиктермен, диаграммалармен тапсырмаларды көбірек қолдану қажет.

Жаратылыстану-ғылыми пәндерін оқыту процесінде білім алушылардың практикалық және зерттеу қызметіне ерекше назар аудару керек. Қазіргі заманғы физика, химия және биология кабинеттерінің барлық мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Физикалық және химиялық құрылғылармен жұмыс істеу, бақылаулар, эксперименттер жүргізу және оны өз бетімен жасауға үйрету дағдыларын дамыту.

Пәндік электрондық оқулықтарды пайдалана отырып, сабақтарда тест тапсырмаларын электрондық форматта қолдану. Экожүйе, ағзалар және олардың өзара әрекеттесуі, табиғат процестерін қарастырылатын бөлімдеріне ерекше назар аудару керек. Осы бөлімдердің тест тапсырмалары бірқатар циклдарда мектеп оқушыларына белгілі бір қиындықтар туғызды.

## PISA-2025

Халықаралық салыстырмалы зерттеулер жүргізу шеңберінде алдағы PISA-2025 негізгі бағыты жаратылыстану-ғылыми сауаттылық болып айқындалды. Сұрақтар жаратылыстану сауаттылығын бағалаудың жаңартылған шеңберіне негізделетін болады.

Бағалау шеңбері жаратылыстану білімі нәтижесінде қалыптасатын құзыреттерді, білім алушыларға осы құзыреттерді қалыптастыру үшін қажетті білім түрлерін және білім алушылар нақты өмірде жаратылыстану ғылымдары саласындағы проблемалар мен мәселелерге қатысты мәнмәтін түрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

2025 жылы PISA зерттеулері «жаратылыстану-ғылыми сауаттылық» бағытының нәтижелерін анықтауға бағытталады, ол үшін оқытуда жаратылыстану-ғылыми білім беру салаларына көп көңіл бөлу керек. Анықтамаға сәйкес, жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты көтеру үшін білім алушының ғылым, тұрақты даму және технология туралы сыни көзқараспен бағалай отырып, өзіндік ой түйю қабілеттерін, танымын, пікір айта білу дағдыларын дамыту қажет. Ол үшін:

1) табиғи және технологиялық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіре білу;

2) ғылыми зерттеулер жобаларын әзірлеу және бағалау, сондай-ақ ғылыми деректер мен дәлелдемелерді сыни тұрғыдан түсіндіре білу;



3) жаһандық, жергілікті немесе жеке сипаттағы мәселелерді зерттей білу, ғылыми ақпаратты бағалай білу, шешімдер қабылдау және ақпараттандырылған іс-әрекеттер жасау үшін пайдалану.

### **ICILS-2018**

ICILS-2018 компьютерлік және ақпараттық сауаттылықты халықаралық зерттеу нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарына:

- цифрлық теңсіздікті жою мақсатында мектептің «цифрлық резиленттілігін» арттыру, яғни қаладағы және ауылдағы мектептерде АКТ-ға тең және кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету;

- компьютерлік және ақпараттық сауаттылықтың жоғары деңгейін (3 және 4-деңгей) қамтамасыз ететін, «коммуникативтік мақсаттарда пайдалану үшін тиісті ақпаратты таңдау, берілген контексте ақпараттың пайдалылығын бағалау және оның мазмұны мен шығу тегі бойынша сенімділігін бағалау қабілетін» талап ететін пәнаралық оқытуды дамыту ұсынылады.

*Сандық дағдылар - бұл белгілі бір пәндік саламен байланысты емес дағдылар жиынтығы.*

### **Цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту**

Қазіргі цифрлық әлемде ақпаратты іздеу, өңдеу және сақтау, байланыс және ынтымақтастық, цифрлық мазмұнды құру, киберқауіпсіздік және сенімді әрекет ету, мәселелерді шешу, нәтижелерді талдау және ұсыну сияқты дағдылар қажет.

Цифрлық дағдылар цифрлық құрылғылар мен онлайн-сервиске қол жеткізу және пайдалану үшін электрондық құрылғылар мен қосымшаларды пайдаланудағы функционалдық сауаттылықпен байланысты.

Қазіргі білім алушылардың цифрлық дағдыларын табысты қалыптастыру үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының: педагогтердің, ата-аналардың, білім алушылардың өзара іс-қимылы қажет.

Цифрлық сауаттылық пен дағдыларды қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі цифрлық ресурстарды, цифрлық платформаларды, цифрлық оқулықтарды, цифрлық контентті пайдалану болып табылады.

Білім беру ұйымдары цифрлық платформалар арқылы білім алушылардың цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етуі қажет.

Цифрлық білім беру мектептегі дәстүрлі білім беруді алмастырмайды, толықтырады.

Білім алушыларда цифрлық дағдыларды қалыптастыру кезінде мынадай ерекшеліктерді ескеру қажет:

- информатика пәнін оқу кезінде цифрлық дағдылардың негіздері қаланады;

- цифрлық дағдыларды қалыптастыру барлық пәндерді оқу барысында үнемі жүреді, ал белгілі дағдыларды қалыптастыру кезінде кейбір пәндердің рөлі артуы мүмкін;

- мұғалімдер цифрлық дағдылардың деңгейін үнемі арттыруға ұмтылуы керек.

### **Инклюзивті білім беру ортасын құру**

Инклюзивті білім беру ортасы барлық балалардың табысты әлеуметтенуі

мен жұмысқа орналасуы мақсатында олардың білім беру қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін оңтайлы жағдайлар жасауды көздейді.

Білім беру ұйымында инклюзивті білім беру ортасын құрудың негізгі шарттары:

- инклюзивті білім беру саласында нормативтік-құқықтық актілерді жүзеге асыру;

- ғимараттың сәулет-кеңістік тұрғысынан қолжетімді (кедергісіз) ұйымдастырылуы (оқу кеңістігін бейімдеу);

- білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жабдықтау (оқытудың арнайы құралдары);

- білім беру процесін дараландыру: бейімделген оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары; білім беру-тәрбиелеу әдістемелерінің, формаларының және құралдарының вариативтілігі және икемділігі;

- педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге тұлғалық және кәсіби дайындығы (инклюзивті білім беру идеясын құндылықтар ретінде қабылдау, үздіксіз білім алу және өзін-өзі дамыту);

- «отбасы-мектеп-қоғам» жүйесінде инклюзивті білім беру процесі қатысушыларының өзара байланысы шектерінің кеңеюі.

Білім беру ұйымдарына инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға назар аудару ұсынылады, мұның негізінде жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері бар білім алушылардың алуан түрлілігін, сондай-ақ тұтастай алғанда инклюзия философиясын қабылдау түсініледі.

Педагог инклюзивті практикада мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарын (психолог, логопед, әлеуметтік педагог, арнайы педагог және т.б.) тарта отырып және ата-аналарды инклюзивті білім беру процесіне қоса отырып, білім алушыларды қолдаудың әртүрлі технологиялары мен стратегияларын қолдануы қажет.

Мектепте инклюзивті практиканы іске асыру білім беру процесінің барлық қатысушыларымен, сыртқы серіктестермен (ПМПК, ППТК, ОО және т.б.), сондай-ақ инклюзивті білім беруді дамытуға мүдделі басқа ұйымдармен тығыз өзара байланыс кезінде мүмкін болады.

Инклюзивті білім беру ортасын құрудың тиімді жолдарының бірі инклюзивті мәдениетті, инклюзивті саясатты және инклюзивті практиканы дамыту бойынша білім беру ұйымдарына тұрақты мониторинг (өзін-өзі бағалау) жүргізу болып табылады.

## ***1.4 ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ***

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы мызғымас басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей

негізгі бағыттарды басшылыққа алады: рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді. Тәрбие мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз ету үшін:

*1) пәндік мазмұн шеңберінде:*

– әр пәннің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

– бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлауда ортақ тақырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

– пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде ұйымдастырылатын іс-шаралардың тәрбиелік мәніне назар аудару және оның мазмұны арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету ұсынылады.

*2) сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:*

– ар-ұждан, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыру және ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану тәрбие жұмысының жылдық жоспарындағы іс-шаралар мен сынып сағаттарының мазмұнында ескеру ұсынылады;

– сынып сағаттары аптасына 1 сағат мектептің сабақ кестесіне енгізілуі және жүйелі түрде өткізілуі ұсынылады.

*Сынып жетекшілер Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережесін негізге алады.*

*3) сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде:*

– білім алушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің бірлескен жобаларын жүзеге асыру және қосымша білім алуға жағдай жасау ұсынылады;

– білім беру ұйымына аты берілген тұлғалар туралы білім алушылардың тереңірек білуіне бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

– білім беру ұйымы орналасқан өлкенің танымал тұлғаларымен, еңбек ардагерлерімен және мектепті аяқтап табысты еңбек етіп жатқан түлектерімен кездесу ұйымдастыру ұсынылады.

Білім алушылардың мектептен, сыныптан тыс уақытта бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыру үшін мектепте қосымша білім алумен яғни, дене шынықтыру және спорттық; көркемдік-эстетикалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық және техникалық бағыттардағы үйірмелер және

пәндік факультативтік сабақтармен қамтамасыз ету ұсынылады.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды білімге ынталандыру мен денсаулықты сақтауға, ұлттық өнер мен мұраны қастерлеуге және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулитын «Тоғыз айға 9 іс-шара» ұсынылады.

Аталған іс-шаралар барлық білім беру ұйымдарында бір уақытта басталады. Қатысушылар санын және қатысушылардың киімдерін әрбір білім беру ұйымы дербес анықтайды. Іс-шараны ұйымдастыру барысында қатысушылардың жас және жеке дара ерекшеліктері ескерілуі қажет.

Қыркүйек айында «Сергіту сәті» шарасын өткізу ұсынылады. Негізгі мақсат – білім алушыларға салауатты өмір салтын дәріптеу, спортқа тарту.

Қазақстан Республикасындағы Ұлттық мереке - 25 қазанда атап өтілетін Республика күніне орайлас «Әнұран орындау» шарасы ұсынылады.

Ұлттық ойындар мен өнерді дәріптеу мақсатында қараша айында «Асық ойыны», наурызда «Домбырашылар», сәуірде «Тоғызқұмалақ, шахмат ойнау» шараларын өткізу ұсынылады.

Білім алушыларды білімге, оқуға құштарлығын оятып, кітап оқуды дәріптеу мақсатында желтоқсан айында «Шығарма жазу», қаңтарда «Қазақ есебі», ақпанда «Оқуға құштар мектеп» және мамыр айында қоршаған ортаны аялауға баулу үшін «Жасыл мекен» шарасын өткізу ұсынылады.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» білім беру ұйымдарының тәрбие ісіндегі жаңа бастамалардың туындауына себепші болады.

*Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысына қажетті әдістемелік ұсынымдарды <https://uba.edu.kz/ru> сайтында танысуға болады.*

### **Білім күнінде өткізілетін шаралар**

1-қыркүйекте білім күні салтанатты жиын және сынып сағаттары ұйымдастырылады. Өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтайды.

2023-2024 оқу жылының басталуында өткізілетін сынып сағаттары аясында мұғалімдерге білімге деген ұмтылыс, отаншылдық және еңбекқорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру мен дамыту туралы бірлескен талқылау ұйымдастыруға, достық қарым-қатынастың, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығын ашуға кеңес беріледі.

Өңірлік білім басқармалары әр 2023-2024 оқу жылын жариялайтын іс-шараның жоғары идеялық-құндылықтық мазмұнын қамтамасыз ету мақсатында қажетті іс-қимылдарды үйлестіреді.

Білім беру ұйымдары оған бүкіл мектеп қоғамдастығының қатысуын қамтамасыз етеді.

Салтанатты жиын және алғашқы сынып сағаты бұл мектепте жаңа оқу жылының ашылуына арналған әрі білім берудің адам өміріндегі маңызы мен рөлін айқындайтын іс-шаралар болып табылады.

Салтанатты жиынды өткізу түрін, қатысушылар құрамын білім беру ұйымдары дербес айқындайды.

Мемлекеттік туды алып шығу және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың оқуға құштарлығын ояту, білім алуға жағымды көңіл-күй мен оң көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

- қатысушыларды өткен оқу жылының жетістіктерінен хабардар ету;
- білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру.

Салтанатты жиынға келесі өкілдердің қатысуы ұсынылады:

- аудан/қала/облыс әкімдері;
- бөлімдердің/білім басқармаларының басшылары;
- қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
- мектеп оқушыларының ата-анасы/заңды өкілі.

Салтанатты жиынға мектеп оқушыларының ата-аналары/заңды өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, оның ішінде бірінші сынып оқушыларының ата-аналарының/заңды өкілдерінің бірінші іс-шараларға қатысуының маңыздылығына назар аудару қажет.

Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылады.

Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде кәсіби қызметінде елеулі жетістіктері бар, еңбексүйгіштік, білімге деген ұмтылыс және отаншылдық құндылықтарының жарқын көрінісі болып табылатын құрметті қонақтың қатысуы ұсынылады.

Бірыңғай сынып сағатының мақсаты: білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Міндеттері:

- білім алушыларға құндылықтар жөнінде жалпы ақпарат беру;
- білім алушылармен бірге құндылықтардың адам өміріндегі рөлін талқылау;
- отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- сыныптың жағымды микроклиматын және жаңа оқу жылына жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

Ұсынылады:

- балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан күтулерін талқылау;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде жазғы демалыс барысында оқылған кітаптар туралы талдаулар, өзара оқылған кітаптар туралы талқылаулар;
- заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды

қолдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану.

Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен олардың дайындық деңгейі ескерілуі тиіс.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Мектеп – мейірбандық мекені» республикалық челленджін өткізу ұсынылады.

Бейнероликті орналастыру күні: 2023 жылғы 1 қыркүйек.

Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты: 17.00-21.00.

Хэштег: Bilim\_quni

Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар:

- барлығы үшін «Мектебім, менің мектебім!», «Мектебім – мейірбандық мекені», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»;
- бірінші сынып оқушыларына арналған «Мектепке алғашқы қадам»;
- 2-4 сынып оқушыларына арналған «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім»;
- 5-8 сынып оқушылары үшін – «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем», «Жазғы демалыста мен жасаған игі іс»;
- 9-11 сынып оқушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда»;
- ата-аналар, 1 сынып оқушылары үшін – «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі»;
- сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!».

#### **«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы**

Қазақстан балалары хал-ахуалының негізі ретінде позитивті ата-ана мәдениетін дамыту мақсатында 2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы іске асырылатын болады.

Жоба келесі бағыттарда іске асырылатын болады:

- ✓ Спикерлер ретінде бала тәрбиесінде табысты тәжірибесі бар аға буын өкілдерін тарта отырып «Даналық мектебін» құру.
- ✓ Балалардың жас кезеңін ескере отырып, тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау және ағарту мақсатында сабақтар ұйымдастыру.
- ✓ Ата-аналарға қажеттілік деңгейін анықтау бойынша диагностика жүргізу және Ата-аналарға арналған академия қызметінің нәтижелеріне мониторинг жүргізу.
- ✓ Ата-аналарға арналған академияға ақпараттық қолдау көрсету, оның қызметін БАҚ-та, әлеуметтік желілерде жариялау.
- ✓ Ата-аналарды білім беру ұйымының оқу-тәрбие процесіне тарту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: ата-аналар форумдары, конференциялар, марафондар және т. б.
- ✓ Позитивті ата-ана болу мәдениетін дамытуда әлеуметтік серіктестіктер күштерін біріктіру.



Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты білім беру ұйымдарында Ата-аналарға арналған академияның қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді және ақпараттық-ресурстық сүйемелдеуді жүзеге асыратын болады

*Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысына қажетті әдістемелік ұсынымдармен <https://uba.edu.kz/ru> сайтында танысуға болады*

## 1.5 МЕКТЕП КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН КҮШЕЙТУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде: Білім саласындағы өзгерістер және министрлік қызметінің нәтижелері туралы (2021 жылғы 15 наурыз), «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларының қызметін күшейту, олардың мемлекеттік тілдегі көркем әдебиет қорын айтарлықтай жаңарту, кітапханашылардың еңбекақысын арттыру міндеті жарияланды.

<https://primeminister.kz/ru/news/rashirennaya-kollegiya-mon-rk-ob-izmeneniyah-v-sfere-obrazovaniya-i-itogah-deyatelnosti-ministerstva-1625649>

Мектеп кітапханаларының қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13070 болып тіркелді) бұйрығымен реттеледі («Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы»).

Мектеп кітапханаларының қызметіндегі негізгі міндеттер:

- мектептің ақпараттық, білім беру мен мәдени орталығы және педагогикалық процестің қажетті буыны ретінде мектеп кітапханаларының рөлін арттыру: ақпараттың барлық түрлеріне оқушылардың қол жетімділігін қамтамасыз ету; ақпаратты өз бетінше таба алатын құзыретті тұлғаны тәрбиелеу мақсатында білім алушыларға ақпарат көздерін (каталогтар мен файлдық шкафтар, библиографиялық көрсеткіштер және басқа да іздеу құралдарын) пайдалану бойынша сабақтар өткізу;

- мектеп кітапханашылары мен пән мұғалімдерінің тікелей байланысын нығайту, білім беру мен тәрбиелеу жүйесін ұйымдастыруда мұғалімдермен бірлескен жұмысты жандандыру: оқу іс-әрекетін қолдау және оның мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында мұғалімдерге сабаққа дайындық материалдарын таңдауда көмек көрсету;

- мектеп кітапханаларын цифрландыру: кітапхана оқырмандарының сұранысын қанағаттандыратын цифрлық ресурс – мектеп кітапханасының веб-сайтын құру; электронды оқулықтар қорын құру және толықтыру; ҚР ОАМ РҒПК цифрлық кітапханасы негізінде электрондық кітапханалар құру;

- кітап және кітап оқуды насихаттау үшін мектеп кітапханашыларының әртүрлі құралдар мен әдістемелерді пайдалануын арттыру; кітапхана қызметінің дәстүрлі (кітап көрмелерін безендіру, поэзия кеші, көркем әдебиет конкурсы т.б. ұйымдастыру) жұмыстарына заманауи жұмыс түрлерін (әдеби марафондар,



квесттер, буккроссингтер, челленджер, буктрейлерлер және т.б.) қоса пайдалану;

- сабақтан тыс қызмет кеңістігін аймақтарға бөлу және ресімдеу (білім беру сапасын арттыру ресурстарының бірі болып табылатын қазіргі заманғы оқу кеңістігі – коворкинг-орталықтар құру);

- мектеп кітапханаларының тиімділігін арттыру үшін жаңа ақпараттық технологияларды енгізу (компьютерлермен, Интернетке байланысты қамтамасыз ету): кітапханалық-ақпараттық қызметтің негізгі процестерінде компьютерлік технологияларды пайдалану;

- мектеп кітапханашыларының кітаптарды талқылау, оқырмандардың пікірлерін жариялау, өткізілген іс-шаралар туралы және т. б. ақпараттармен бөлісіп отыруы үшін әлеуметтік желілерді пайдалануы

ЖЖОБДА

### 2.1 БІЛІМ БЕРУДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ

Білім берудегі сабақтастық оқушының бір білім деңгейінен екіншісіне ауысқан кезінде психологиялық және педагогикалық дайындығын қалыптастыруға бағыттталып, толыққанды дамуын қамтамасыз етеді. Бұл сабақтастық бір деңгейден екінші деңгейге тұрақты, үдемелі өтуді қамтамасыз ететін тиімді құралдар мен әдістердің көмегімен жүзеге асырылады.

Білім беру деңгейлерінің сабақтастығы, ең алдымен Мемлекеттік жалпы білім беру стандартымен қамтамасыз етіледі онда сабақтасу байланыстарын ескере отырып, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, орта білім деңгейлері бойынша білім мазмұнының сәйкестігі, оқытуды іске асыру тәсілдері, жеке жас ерекшеліктері, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері негізінде әрбір баланың дамуы қарастырылады.

«Мектепке дейінгі - бастауыш мектеп - негізгі мектеп – орта мектеп» деңгейлеріндегі бір деңгейден келесісіне өту кезінде оқушы өзі үшін маңызды сәттерді басынан өткізеді. Білім алушы үшін өтпелі уақыт оқу іс-әрекетіне, оқыту мен тәрбиелеу әдіснамасына, сонымен қатар, құрдастарымен және мұғалімдермен жаңа қарым-қатынасқа, жаңа талаптарға көшу кезіндегі маңызды кезең болып саналады.

#### *«Мектепке дейінгі - бастауыш мектеп» деңгейіндегі сабақтастық*

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық білім беру үрдісінің әдіснамасы мен мазмұнының үздіксіздігі мен бірлігі, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығына мүмкіндік беретін білім алушылардың білімі мен дағдыларын кезең-кезеңімен арттыру болып табылады. Бастауыш мектеп баланың одан әрі жан-жақты дамуы үшін мектепке дейінгі білім беру нәтижелеріне сүйенеді.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептің тығыз ынтымақтастығы қажет, оның міндеттері балалардың мектепке деген қызығушылығын дамыту, олардың тиісті мектепалды даярлығы, балабақшадан мектепке көшудің табиғилығын қамтамасыз ету, мектепалды даярлық мәселелерінде мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы болып табылады.

Аталған міндеттерді іске асыру үшін жазғы уақытта білім беру ұйымдары жанындағы балабақшалар мен мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін 2 аптадан 1 айға дейін мектепалды даярлық курстары өткізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары «Денсаулық», «Пікір», «Таным», «Шығармашылық», «Қоғам» сияқты білім беру салаларын кіріктірілуі көзделген курстардың мазмұнына негізделеді.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сатыларының сабақтастығын іске асыру жөніндегі жұмыс түрлері:

1. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектеп педагогтерінің бірлескен семинарлары мен педагогикалық кеңестері.

2. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің бастауыш сыныптарында оқитын педагогтердің, ата-аналардың бірлескен іс-шаралары (мерекелер, экскурсиялар, спорттық жарыстар, балабақшалардағы «Түлектер күні»);

3. Мұғалімдерге, ата-аналарға арналған психологиялық тренингтер.

4. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептің психологтарының, медицина қызметкерлерінің бірлескен іс-қимылдары.

5. Балалардың мектепке дайындығын диагностикалау.

6. Мектепке дейінгі ұйымдардың түлектерінен 1-сыныпқа жасақтауда жасалатын жұмысты мектеппен бірлесіп атқару.

### ***«Бастауыш мектеп-негізгі мектеп» деңгейіндегі сабақтастық***

5-сыныпта білім алушыларының бейімделу кезеңі оқу материалының күрделенуімен, пәндік оқытумен, мұғалімдер құрамының өзгеруімен, білім алушылардың оқу қызметіне қойылатын талаптардың артуымен байланысты. Мұның бәрі бесінші сынып оқушыларының эмоционалдық жағдайына әсер етеді, оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын төмендетеді, сонымен бірге олардың алаңдаушылығын арттырады, мінез-құлқының өзгеруіне әсер етіп, құрдастарымен қарым-қатынасты бұзуы мүмкін.

Оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру орта және бастауыш деңгейдегі педагогтер арасында, әдістемелік өзара іс-қимылды жолға қоюды көздейді.

#### ***Жұмыстың негізгі бағыттары:***

- *ұйымдастыру жұмыстары:* педагогикалық кеңестер, педконсилиумдар, «дөңгелек үстелдер», әдістемелік бірлестіктер кеңестерін өткізу, 4 және 5-сынып педагогтерінің, болашақ бесінші сыныптардың сынып жетекшілерінің сабақтарға өзара қатысуы, болашақ бесінші сынып мұғалімдерінің қатысуымен ата-аналар жиналыстары, әртүрлі тақырыптық көрмелер;

- *балалармен жұмыс:* ата-аналардың қатысуымен 4 және 5-сынып оқушыларының бірлескен іс-шаралары (спорттық жарыстар, мерекелер, экскурсиялар, конкурстар және т. б.);

- ұй тапсырмасын оңтайландырып, оған шығармашылық, өзгермелі сипат беру;

- бастауыш білім беру деңгейіндегі пәндер бойынша білім алушылардың білім деңгейін, біліктілігі мен дағдыларын педагогикалық диагностикалау;

- *психологиялық диагностика:* білім алушылардың орта буында оқуға дайындық деңгейін анықтау;

- педагогтермен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен консультативтік жұмыс;

- реттеу және дамыту жұмысы.

Білім алушыларды тиімді бейімдеу үшін келесі іс-шаралар атқарылуы керек:

1. Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін назарға алу, олардың дамуының жеке траекторияларын әзірлеу және іске асыру, білім алушылардың нәтижелеріне мониторинг жасау және оны реттеу жұмыстары.

2. Оқыту кезіндегі іс-әрекеттілік пен кіріктірілген оқыту тәсілдерін, оқу-тәрбие процесінің практикалық бағыттылығын, оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану негізінде оқытуды іске асыру.

### *«Негізгі мектеп-орта мектеп» деңгейіндегі сабақтастық*

Жалпы білім берудің үшінші кезеңінің ерекшелігі бейіндік оқытуға көшу болып табылады. Жалпы орта білім беру деңгейінде жалпы және кәсіптік білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, мектеп түлектерін кәсіптік жоғары білім беру бағдарламаларын игеруге даярлау қажет. Сабақтастық оқу бағдарламасының мазмұнын құрайтын білім мен дағдыларды нығайту, тереңдету және кеңейту арқылы жүргізіледі.

Сабақтастық мәселесін шешудің негізгі міндеттері:

- білім алушының орта мектеп жағдайына сәтті бейімделуі;
- негізгі және орта мектеп оқушыларын оқыту және тәрбиелеу үрдісін жақындастыру;
- білім алушылардың білім беру нәтижелерін бағалаудың тәуелсіз нысандарына, оның ішінде ҰБТ-ға дайындығы;
- өзін-өзі тану және айналасына қамқорлықпен қарап нәтижелі кері байланыс жағдайын жасау;
- білім алушылардың денсаулығын сақтау жағдайлары.

Оныншы сынып оқушысына «жоғары сынып оқушысы» екенін сезінуіне, оқудың мәні мен мағынасын анықтауына көмектесу маңызды.

Негізгі және орта білім беру арасындағы оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету бағыттары:

1. Профильге сәйкес білім беру бағдарламаларын таңдау арқылы оқыту сабақтастығын жүзеге асыру.
2. Пән мұғалімдерін 9-10 сыныптарда барынша ауыстырмауға тырысу.
3. Білім беру нәтижелерінің мониторингі.
4. Негізгі мектепте оқытуды қолдайтын, орта мектепте саналы түрде оқуға және ҰБТ тапсыруға дайындықты қалыптастыратын пәндер бойынша элективті сабақтар ұйымдастыру.
5. Пәндер (үйірмелер, факультативтер) мен жеке сабақтар бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.
6. Пәндер бойынша бірыңғай жалпы мектептік онкүндіктерді өткізу.
7. Ата-аналармен жұмыс: жеке кеңес беру, ашық есік күні, мектеп сайты, қамқоршылық кеңестер.

Бейімделу процесін жүзеге асыру жолдары:

- білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
- 10-сыныпқа келген 9-сынып оқушыларының пәндері бойынша және 10-сыныптың бүкіл оқу жылында білім сапасын мониторингілеу, анықталған олқылықтардың орнын толтыру;
- бейімделу қиындықтарын анықтау және талдау, реттеу жолдарын әзірлеу;
- оқу процесіне барлық қатысушылардың: мұғалімдердің, ата-аналардың, білім алушылардың қатысуымен сабақтастықты іске асыру шеңберіндегі міндеттерді шешу;

- негізгі мектепте (9-сыныптар) және орта мектепте (10-сыныптар) оқытудың мазмұны мен әдістерінде сабақтастық байланыстарды іске асыру; кері байланыс мүмкіндіктерін жасау.

## 2.2 БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

### ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

✓ бастауыш білім беру деңгейінде «Әліппе» (1-сынып), «Ана тілі» (1-сынып), «Букварь» (1-сынып), «Обучение грамоте» (1-сынып), «Қазақ тілі» (2-4 сыныптар), «Қазақ тілі» (оқыту орыс тілінде 1-4-сыныптар), «Әдебиеттік оқу» (2-4 -сыныптар), «Орыс тілі» (2-4-сыныптар), «Шетел тілі» (3-4-сыныптар);

✓ негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» (5-9 сыныптар), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (5-9 сыныптар), «Орыс тілі» (5-9 сыныптар), «Өзбек тілі», «Ұйғыр тілі», «Тәжік тілі» (5-9-сыныптар), «Шетел тілі» (5-9-сыныптар), «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті» (5-9 сыныптар), «Орыс тілі мен әдебиеті» (5-9 сыныптар), «Өзбек әдебиеті», «Ұйғыр әдебиеті», «Тәжік әдебиеті» (5-9-сыныптар);

✓ жалпы орта білім беру деңгейінде оқытудың екі бағыты бойынша: «Қазақ тілі» (10-11 сыныптар), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (10-11 сыныптар), «Орыс тілі» (10-11 сыныптар), «Өзбек тілі», «Ұйғыр тілі», «Тәжік тілі» (10-11-сыныптар), «Шетел тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті» (10-11 сыныптар), «Орыс тілі мен әдебиеті» (10-11 сыныптар), «Өзбек әдебиеті», «Ұйғыр әдебиеті», «Тәжік әдебиеті» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының (өзгерістер мен толықтыруларға ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 № 412 бұйрығымен енгізілген) 1–3, 11–15-қосымшаларында (1-4 сыныптар), 6–8, 16–20-қосымшаларында (5-9-сыныптар), 21–30, 85–90-қосымшаларында (10-11-сыныптар) көрсетілген.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны басқа оқу пәндерімен пәнаралық байланысты пайдалануды; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде



интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

### ***Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша ұсыныстар***

«Тіл мен әдебиет» саласы бойынша оқытудың басты ерекшелігінің бірі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, оқу сауаттылығын арттырып, тілін дамыту, сөздік қорын кеңейту мақсатында оқу және жазба жұмыстарына басымдық беру болып отыр. Әсіресе, балалардың дыбыстарды дұрыс айта білу, ойын дұрыс жеткізе білу, сауатты жаза білу дағдысын қалыптастыруға да ерекше назар аударылады. Осы мақсатта әдеби тілдік норма білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып, функционалдық тұрғыдан ұсынылады.

Бастауыш сынып білім алушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін педагогтерге арнайы саралап оқыту, тұлғаға бағдарланған, белсенді білім беру технологияларын қолдану қажет, мысалы:

- ұйымдастырушылық, интеллектуалдық және басқа да дағдыларды, оның ішінде оқу-жаттығу қызметін өз бетінше жүзеге асыру дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңа білімді игерудің проблемалық диалогтық технологиясы;

- маңызды коммуникативтік дағдыларды дамытуға жағдай жасайтын дұрыс оқу іс-әрекетінің түрін қалыптастыру технологиясы;

- ұйымдастырушылық, зияткерлік, коммуникативтік және бағалау дағдыларын қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін жобалау қызметінің технологиясы (эртүрлі плакаттар, жадынамалар, модельдер дайындау, алынған нәтижелерді міндетті түрде таныстыруды көздейтін көрмелер, викториналар, конкурстар, спектакльдер, шағын зерттеулер ұйымдастыру және өткізу және т. б.);

- оқытудың деңгейлік саралануы, оны қолдану мұғалімнің білім алушылармен өзара әрекеттесу стиліне белгілі бір өзгерістер енгізеді.

Тіл мен әдебиет сабақтарында білім алушыларда тек пәндік білім, білік, дағдыларды ғана емес, материалдарды жинау және реттеу әдістерін, сұрақтар құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасауда проблеманы қоя білу біліктілігін, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауын, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру сынды кең ауқымды дағдыларды меңгерту функционалды сауаттылығын қалыптастырады.

Тіл салалары бойынша оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) қолдана отырып, тілдік білімді меңгерту. Тыңдалым дағдысы бойынша негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады; осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде білім алушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер білім алушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және

басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.

Тыңдалым дағдысының мақсаты – аудиожазбаның мазмұнын түсінуге, белгілі бір ақпаратты қабылдауға, мәтін детальдарын түсінуге, айтылған ойды толық түсінуге, сөйлеушінің сөзін еш қиындықсыз ұғынуға, ауызекі, анық құрылмаған сөйлеу тілін өздігінен түсінуге, бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио бағдарламаларды еркін түсініп қабылдауға, таныс және бейтаныс тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге үйрету.

Оқытудағы тыңдалым дағдысы бойынша басты белсенді әрекет – білім алушыларды қоршаған ортадағы кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу керек. Ол үшін сабақ барысында түрлі белсенді жұмыс түрлерін пайдалану және ол өзекті, қызықты, әртүрлі болуға тиісті.

Айтылым дағдысының мақсаты – сөзді дұрыс айта білудің заңдылықтарын және қалыптасқан нормаларын меңгеру. Айтылым – тілмен түсінісуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі. Айтылым, яғни, сөйлеу негізінен, бір адамға ғана тән болғанымен, тілдік қатынаста екі жақты байланыстың болуын қажет етеді

Айтылым дағдысы бойынша:

- белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын білдіру;
- өз көзқарасын дәлелдеу;
- шешім шығару, қорытынды пікір жасау;
- зерттеушілік (анализ, синтез);

- ақпаратты өңдеу дағдылары қалыптасады. Білім алушылардың айтылым дағдысын қалыптастыруда белсенді әрекеттерді қолдану өте тиімді. Мысалы: Топтық жұмыста *айтылым* дағдысын қалыптастыруда «Ашық ойла» белсенді оқытуы өте тиімді. Топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап ортақ пікір қалыптастырады. Әр топ таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып, ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды.

Айтылым дағдысын қалыптастыруда тірек сызбалар арқылы оқыту да нәтижелі тәсілдің бірі. Тірек сызбаны пайдалану білім алушыны сөйлеу үшін ғана емес, олардың оқу-таным белсенділігін арттыру, ой-өрісін кеңейту үшін де қажет. Мұндай тірек схемалардың тиімділігі, біріншіден, сынып білім алушыларын түгел қамтиды, екіншіден, сөйлем құрастыруға, сұрақ қойып, оған жауап беруге көмектеседі, үшіншіден, әңгіме құрастырып, оны әңгімелеп беруге үйретеді және есінде сақтауға ықпалын тигізеді, төртіншіден, білім алушыны пәнге қызықтырады, ынтасын арттырады және мұғалімге сенімді көмекші әдіс. Осы арқылы білім алушылар қиын тақырыпты жеңіл меңгереді, үлгерімі нашар білім алушыларда белсенділік пайда болады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы дағдылардың бірі – оқылым. Оқылым арқылы білім алушы не үйренеді? Олар мәтінді және оқу стратегиясының типтерін түсінуге, негізгі ойды және мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіннің стилі мен типін анықтауға, оқылған мәтін негізінде сұрақ



құрастыруды, әртүрлі деректерден қосымша ақпаратты айқындауды және мәтіндердің салыстырмалы сараптамасын қолдануды үйренеді. Мысалы: бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбындағы «Әдебиеттік оқу» пәнін оқытуда «3.2.2.1 қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру» оқу мақсаты; орта білім беру деңгейінің 6-сыныбындағы «6.2.2.1 құттықтау, өмірбаян, жаңалық, хабарландырудың құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату» мақсаттары оқылым дағдысына берілген, бұл жерде білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқу мақсаты қарапайымнан күрделіге өсіп отыр. Бұл алынып отырған бастауыштағы оқу мақсаты күрделілік деңгейіне қарай бір сабақта жүзеге асырылатын болса, орта білім беру деңгейіндегі оқу мақсаттары түгел бір сабақта жүзеге асырылмайды. Бір сабақта құттықтаудың, келесі сабақта өмірбаянның, одан кейінгі сабақта жаңалықтың, хабарландырудың құрылымдық, жанрлық ерекшеліктерін ажырату тапсырмасын даралап бересіз және бұл оқу мақсаты басқа бөлімде қайталанып келгенде, білім алушыға қажеттілігін ескересіз. Мысалы, сізге ұсынылған үлгіде тақырып драма театры туралы болғандықтан, құттықтау мен өмірбаяннан гөрі жаңалық пен хабарландыру мәтінін қолдану тиімді болды. Алайда білім алушылар хабарландырудың құрылымын, ерекшеліктерін жылдам меңгеріп алғанына көз жеткізсеңіз, оның орнына жаңалықты немесе театр жетістіктері мен құттықтауды, тіпті болмаса белгілі бір актердің өмірбаянын алсаңыз да болады. Ең бастысы, мәтін құрылымы сақталып, жанрлық ерекшелігін танитындай болуы керек. Оқылым мақсатын жазылым дағдысына бағытталған мақсат толықтырады. Бұл жерде жазылымға «өмірбаян, хабарландыру, құттықтау жазу үшін құрылымын ескеріп, қарапайым жоспар құру» мақсаты алынып, хабарландыру жазу үшін қарапайым жоспар құру тапсырмасын беруге болады. Сонда оқылым мақсатындағы алған дағдыларын жазылыммен бекітеді, сабақ жүйелі жүргізіледі. Ал әдіс пен тәсілді өз ыңғайыңызға қарай қолданыңыз. Тек оқу мақсатын жүзеге асыруды ұмытпаңыз. Егер оқу мақсаттарын жүйелі, тиімді жоспарласаңыз, бағалауды да тиімді жүргізесіз.

Жазылым – барлық тілдік дағдылардың негізінде қалыптасатын күрделілік деңгейі жоғары дағды. Жазылымды қалыптастыру бірізді жүйелі жұмыс тізбегінен қалыптасады. Жазылым сөздерден ғана емес, ойды жеткізуге негізделген сөздердің логикалық тізбегі, яғни сөйлемнен тұрады. Жазылым дағдысы тіл білімінің барлық салалары бойынша білімді қажет етеді. Сөйлемнің синтаксисін, яғни сөйлемдегі сөздерді байланыстыру мен сөздердің сөйлемдегі орын тәртібін меңгеру міндетті. Сонымен қатар пунктуациялық емшелерді тәжірибеде қолдана алу дағдыларын да қажет етеді.

Жазылым дағдысының ең күрделі әрі шығармашылықты қажет ететін түрі – эссе. Эссе жазу білім алушының бірнеше ойлау әрекеттерін жүзеге асыру арқылы білім алушының шығармашылығын дамытады. Эссе жазуға дағдыландыру үшін ең алдымен білім алушыларға өз ойын, жеке көзқарасын, пікірін тиянақты жеткізе білуді қалыптастыру қажет. Ол үшін мысалы, «4 сөйлем» әдісі, «Синквейн» «Комментарий жазу», «Дербес пікір жазу (негативтен-позитивке)», «Екі жақты күнделік» сияқты әдістерді пайдаланған тиімді. Бұл әдістер арқылы білім алушы өз ойын дәлелдеп, растауды, аргумент

келтіруді меңгереді. Сонымен қатар, ойын қорытындылап, шешім шығаруға дағдыланады.

### ***Пәндік, метапәндік және түйінді (жоғары сыныптарда) құзыреттерді дамыту бойынша ұсыныстар***

Тілдік пәндер бойынша метапәндік құзыреттілікті қалыптастыру тілдік дағдылар негізінде жүзеге асады. Тілдік дағдыларды: тыңдалым, оқылым, айтылым мен жазылымды қалыптастыру білім алушының алған білімін мектептен тыс кез келген жағдайда, кез келген ортада қолдануына мүмкіндік береді. Әр сабақ оқу мақсатына байланысты түрлі тілдік дағдыларды дамыту арқылы метапәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталады.

Жалпы оқу сабақтары «рухани адамгершілік сабақтары» екені ескеріліп, мәтін таңдауда оның танымдық, тәрбиелік сипаты басты назарда ұсталуы керек.

Көркем мәтіндермен қатар қарапайым әдеби түсініктердің келтірілуі шығарманы саналы қабылдауды қамтамасыз ететіні анық. Сондықтан 2-сыныпта берілген мәліметтер 3-сыныпта толықтырылып, «Әдебиеттік оқу» кітабында бағдарламада көрсетілгендей халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары ертегі, аңыз, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер шешендік сөздер туралы нақыл сөздер, бата жанрының басты белгілері туралы жаңадан мағлұмат, мысал, әңгіме туралы ұғым тереңдетіліп, шығарманың тақырыбы, идеясы, сюжеті туралы қарапайым түсініктер, теңеу, эпитет, кейіптеу қолданысы, олардың анықтамалары, кейіпкерге мінездеме, портрет, диалог, монолог туралы берілген теориялық білім 4-сыныпта ары қарай дамытылып бұлармен қоса, шығарманың құрылымын (сюжеттің басталуы, жалғасуы, аяқталуы) анықтау, өлеңдерге сай ырғақты таңдай білу, сөздіктерге сүйене отырып, сөздердің мағынасын түсіндіру, жазушы тіліне назар аудару, көркем сөздерді қолдану, эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру, көркем шығарманы басқа үлгідегі басқа өнер туындысымен (музыка, бейнелеу) нұсқасымен салыстыру, түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету, «автормен диалог» жүргізу, оқыған шығарманың басты ойын өздігінен тұжырымдау, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланысты орнату беріледі. Теориялық түсініктердің бала түсінігіне лайықты, жас ерекшеліктеріне сай нақты болуы қадағаланып, жалаң жаттау түрінде емес талдау, тапсырма, жаттығулар үлгісінде келтіріліп, практикалық қолданыста болуы басты назарда ұсталады.

Жағдаяттық тапсырмалар білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерін дамытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Білім алушылар ұжымда жұмыс жасап, өз пікірлерін қорғап, ел алдында сөз сөйлеп дағдыланады. Бұл дағдылар білім алушылардың мектептен тыс өмірлерінде де аса маңызды.

Әдебиеттің білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытудағы рөлі аса ауқымды. Міндетті оқытылатын әдеби білім мазмұнымен ғана шектелмей, сонымен бірге қосымша әдеби шығармаларды өздігінен оқуға дағдыландыру білім алушылардың нәтижелі білім алуының барлық мүмкіндіктерін көрсетпек. Мұғалім білім алушының ізденісіне жол ашуға түрткі болатындай әдіс-

тәсілдерді таңдап алуы қажет. Жүйелі жүргізілген сапалы оқыту барысында білім алушылар шығармашылық бағытта ізденіске түсіп, берілген тақырыптарға ойтолғау, эссе, сыни мақала, т.б. жаза білуге үйренеді.

«Тіл мен әдебиет» бойынша бастауыш, орта білім беру деңгейлерінде сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстар білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып, күрделі тапсырмаларды шешуге, өздік жұмыстарды орындауға бағытталуы қажет. Шығармашылық жұмыстар әртүрлі тапсырмаларды өздігінен орындау білігін қалыптастыруды нысана тұтып, оқытудың қай түрі болмасын білім алушы құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Тілдік пәндерді оқытуда баланың тұлғалық ерекшелігін ескерген жөн:

1) шығармашылық қабілеті жоғары білім алушыларға әртүрлі тақырыптарда шығарма, эссе, әңгіме жазғызып, ізденімпаз, қызығушылығы жоғары білім алушыға ақпарат құралдарынан материал жинап, баспасөз-конференция сабағын өткізуді тапсыру оң нәтижесін береді;

2) оңтайлы пайдаланылған дидактикалық, сюжеттік, рөлдік ойындар да білім алушының өзін таныта алуына, сыныптастар пікірімен санасуына, шешен сөйлеу қабілетін үйренуіне және білімін жан-жақты көрсетуіне мүмкіндік береді;

3) білім алушылардың ой-өрісін дамытып, оларға тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екендігін сезіндіру үшін ақпараттық технология ресурстарын, мультимедиялық құралдарды, ғаламтор материалдарын, бейнероликтерді, электронды оқулықтарды кеңінен қолдану тиімді.

### *Оқу процесінде цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсыныстар*

*Цифрлық құзыреттілік* ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау, өңдеу, жіктеу, синтез жасау, қайта өңдеу, сақтау және бере білуінде, сондай-ақ оны оқу үдерісінде пайдалануда көрінеді. Тілдік оқу тапсырмаларын орындау үшін ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана білу, әртүрлі ақпараттық құрылғылармен және құралдармен (электрондық оқулықтар, мультимедиялық энциклопедиялар мен анықтамалар, интернет-қаржы) жұмыс жасау дағдыларын меңгеру, өңделген ақпаратты оқу процесінде қолдана білу.

Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ, қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

Білім алушылар тілдік пәндерді оқу барысында ақпаратты *табу*, *құрастыру* және *басқару*, мәліметтермен және идеялармен *бөлісу*, *бірлесіп әрекет ету*, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалайды және жетілдіре отырып, АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады.

Тілдік пәндерді оқытуда АКТ-ны қолдану:

- көркем шығарма бөлімдерін толықтай түсіну үшін және оның негізгі идеяларын түсіндіру үшін медиа-құралдарды қолдану;

- білім алушыларды сабаққа белсенді қатыстыру үшін АКТ мүмкіндіктерін

сабақта қолдану;

- медиа құралдарды қолдана отырып, ақпаратты түсінеді, әртүрлі пікірлерді талдайды және салыстырады;

- медиа құралдарды қолдана отырып, ғаламдық тақырыптарға қатысты мәселелерді нақтылайды және проблемаларға әртүрлі пікір тұрғысынан талдау жасайды;

- АКТ арқылы презентация жасайды, салыстырады, бағалайды, жетілдіреді, зерттейді және бірлесе отырып, пікірлерін дәлелдейді.

*Педагогтерге білім беру процесінде тілдік пәндерді оқытуда цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсыныстар:*

1. Оқу процесіне сандық құралдар мен қосымшаларды қосуды жоспарлаңыз. Бұл құралдар оқуға, тіл үйренуге арналған қосымшалардан, интерактивті тақталардан, пән мазмұнын меңгеруге, тіл үйренуге арналған веб-сайттардан және бейнеконференция бағдарламаларынан тұрады. Әлеуметтік медианы пайдалану білім алушылардың материалды өздігінен ізденіп, меңгеруін қамтамасыз етеді. Мысалы, мұғалімдер әлеуметтік желілерде бейнелер мен подкасттар құрып, орналастыра алады, ал білім алушылар пікірлер қалдырып, материалды талқылауға қатыса алады.

2. Білім алушыларды өздігінен ізденіп оқуға, тіл үйренуге ынталандыру үшін ойын әдістерін қолдану. Бұл әдістер оқып-үйренуді қызықты ету үшін ойын принциптерін қолданады. Педагогтер білім алушыларға сөздіктен сөздерді немесе сөйлем құрылымдарын талдауға, есте сақтауға көмектесетін интерактивті викториналар мен ойындар жасау үшін түрлі платформаларды пайдалана алады.

3. Тілдік дағдыларды дамытудың тиімді әдісі болып табылатын және білім алушыларға бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін бірлескен оқытуды ынталандыруды онлайн оқыту платформалары арқылы жүзеге асыруға болады.

Бұл платформалар білім алушылар бірлесіп жұмыс істей алатын, пікірталастарға қатыса алатын және ресурстармен бөлісе алатын онлайн орталар болып табылады.

### *Үштілді білім беруді іске асыру жөніндегі ұсынымдар*

«Тіл мен әдебиет» саласында қазақ мектептерінде «Қазақ тілі» пәнін ана тілі ретінде, «Орыс тілі» пәнін екінші тіл ретінде, «Ағылшын тілі» пәнін шетел тілі ретінде оқытуды жоспарлау кезінде педагогтер мынадай ерекшеліктерді ескеруі керек:

1) жан-жақты қарау (өтпелі тақырыптарды белсенді пайдалану, оқу үдерісі бойынша рефлексия жасау, пәндік мазмұнды игеруді қолдау);

2) қауіпсіз және білімді тереңдететін оқу ортасы (күнделікті әрекеттер мен тілдік бірліктерді пайдалану, көрнекі материалдарды, сондай-ақ сөйлеу мен жазудағы қателерді түзетудің әртүрлі әдістерін пайдалану, себебі олар оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады);

3) түпнұсқалық және дереккөзге жақындық (материалды білім алушылардың күнделікті өмірімен байланыстыру, әртүрлі көздерден алынған түпнұсқалық материалдарды пайдалану, білім алушылардың мүдделерін ескеру);

4) белсенді оқыту (білім алушы педагогтен гөрі көп сөйлейді, сабақтарда өзара әрекеттесудің әртүрлі формалары қолданылады: жұптық және топтық жұмыстар);

5) тірек құрылымы (білім алушылардың қолда бар тәжірибесіне, білімі мен іскерлігіне сүйене отырып, сабақтарды жоспарлау, оқытудың әртүрлі стильдерін ескеру);

6) ынтымақтастық (тілдік және тілдік емес пәндер педагогтерінің бірлесіп жоспарлауы).

Сабақта үштілділікті дамытудың кейбір әдістемелік тәсілдері

1. *Сөздер мен сөз тіркестерін өзара тексеру.* Тілдерді үйрену кезінде ынтымақтастықтың ең көп таралған түрі - білім алушылардың бір-бірінің жеке сөздер мен сөз тіркестерін (идиомаларды) білуін тексеру.

2. *Жаңа мәтінмен бірлесіп жұмыс істеу.* Жаңа мәтіндерді аудару бойынша жұмыс әртүрлі жолдармен жүруі мүмкін. Белгілі бір уақыт кезеңінде жаңа мәтіндермен және олардың ана тіліне аудармасымен педагог білім алушыларды таныстырады. Болашақта білім алушылар жаңа мәтіндерді алып, оларды тұрақты және ауыспалы құрамдағы жұптарда аудару үшін жұмыс істейді, әдетте жұптарда бір білім алушы мәтінді оқиды және әр сөйлемді өзі аударды, оған серіктесін де тартады.

3) *Өзара диктанттар.* Педагог диктант карталарын дайындайды. Білім алушылар өзара диктанттарды орыс, ағылшын (ана) тіліндегі сабақтардағыдай ережелер бойынша жүргізеді.

4. *Жаңа мәтінмен танысудың басқа нұсқалары.* Педагог білім алушыларға әртүрлі жаңа мәтіндер береді. Білім алушылар оларды өз бетінше оқып, аударма жасауы керек. Педагог тексергеннен кейін білім алушылар бір-бірімен жұмыс істеуге кіріседі. Мәтіндердің одан да күрделі түрлері берілуі мүмкін. Мысалы, мәтін фразалар бойынша оқылады, кейде әр фраза екі-үш рет оқылады және аударма дереу хабарланады және нақтыланады. Аударма аяқталғаннан кейін білім алушыларға сөздікке жаңа сөздерді жазып, есте сақтауы керек сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты тапсырма беріледі.

#### ***Құндылыққа бағдарланған оқытуды іске асыру бойынша ұсыныстар***

Оқыту барысында құндылықтарды басшылыққа ала отырып, білім алушының құзыреттілігін дамыту сабақты мағыналы және тиімді етеді, өйткені бұл процесс білім алушының өмірінің бір бөлігі болып табылады және оның жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Сабақ барысында құндылықтарды дамытуды дұрыс ұйымдастыру, дұрыс құрылған сабақ оқу мақсаттарына құрылған нәтижеге жеткізеді.

*Құндылықтарға бағдарланған тәсіл* – қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабаларымыздың әдебиеті, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді.

#### ***Тұлғаға бағытталған, іс-әрекетке негізделген тәсілдерді жүзеге асыру бойынша ұсыныстар***

Тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты оқу процесін дараландыру, оның жеке психикалық және дене бітімі ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мінез-



құлық уәждерінің әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып білім алушыны тұлға ретінде үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу болып табылады.

Педагог білім алушыны тілдік пәндер мазмұны арқылы рухани жағынан тәрбиелеу, гуманистік дүниетанымын, азаматтық, патриоттық сана-сезімін, әдебиетке және ұлттық құндылықтарға, отандық және әлемдік мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен сыйластығын қалыптастыру мақсатында жұмыс жасайды.

## **МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

✓ бастауыш білім беру деңгейінде «Математика» және «Цифрлық сауаттылық» (1-4-сыныптар);

✓ негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика» (5-6-сыныптар), «Алгебра», «Геометрия» (7-9-сыныптар) және «Информатика» (5-9-сыныптар);

✓ жалпы орта білім беру деңгейінде оқытудың екі бағыты бойынша «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

Жоғарыда аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының (өзгерістер мен толықтырулар ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 ж. № 412 бұйрығымен енгізілген) 1–3, 11–15-қосымшаларында (1-4-сыныптар), 6–8, 16–20-қосымшаларында (5-9-сыныптар), 21–30, 85–90-қосымшаларында (10-11-сыныптар) көрсетілген.

*Бастауыш білім беру деңгейінде* «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда қоршаған болмыстың алуан түрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімді қалыптастыруға; ауызша және жазбаша есептеу алгоритмдерін игеруге; есептер шығарудың жалпы амалдарын, өлшем және есептеу дағдылары негізінде логикалық пайымдаулар түзе білу машықтарын дамытуға; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарапайым құралдарын қолдану дағдыларын, ақпаратты іздеу, таңдау, жеткізу, объектілер мен процестерді жобалау, кестелермен, схемалармен, графикалармен және диаграммалармен жұмыс істеуде ең қарапайым әдістерді қолдану, интерпретациялау және деректерді беру машықтарын қалыптастыруға бағытталған.

*Негізгі орта білім беру деңгейінде* «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны математика мен информатиканың әлемдегі рөлін айқындау және түсіну қабілетін қалыптастыруға; математиканы ғылымның әмбебап тілі, құбылыстар мен процестерді модельдеудің құралы ретінде түсінуге; математика мен информатиканы оқыту кезінде орта білім беру

деңгейлеріндегі сабақтастықты, пәнаралық және пәнішілік байланыстарды; жалпы орта білім беру деңгейінде оқуды жалғастыруға және сабақтас пәндерді оқуға, оларды күнделікті өмірде пайдалануға қажетті базалық математикалық білім мен біліктерді меңгеруге; бағдарламалау технологиясының және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін, информатиканы және басқа да пәндерді оқу кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып шынайы объектілер мен процестердің модельдерін қолдану және түрлендіру біліктерін меңгеруге; функционалдық сауаттылықты, логикалық, алгоритмдік және операциялық ойлауды, кеңістікті елестетуді, математика мен информатиканың түрлі тілдерін (сөздік, символдық, талдамалық, графикалық) пайдалану қабілеттерін, әртүрлі нысанда берілген ақпаратты қабылдау және сын тұрғысынан талдауды дамытуға бағытталған.

*Жалпы орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны білім алушылардың келесі білім алу деңгейінде табысты оқуы, сондай-ақ практикалық есептерді шешуі үшін қажетті математикалық білім жүйелері мен біліктерін және математикалық мәдениетті дамытуға; функционалдық сауаттылықты, абстрактілі, логикалық, алгоритмдік және есептік ойлауын дамытуға; есептерді шешу және ақпараттық технологиялардың құралдары мен әдістерін меңгеруге; білім алушылардың қоршаған әлемнің математикалық заңдылықтары туралы түсініктерін жүйелеу және дамытуға, олардың математикалық құралдар мен әдістер тәжірибеде барлық білім салаларында құбылыстар мен процестерді сипаттау және зерттеуде қолданылатынын жете түсінулеріне; объектілер мен процестерді модельдеу ептіліктерін дамытуға бағытталған.*

#### ***Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша ұсыныстар***

Математикалық сауаттылық функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Математикалық сауаттылық – бұл әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешу үшін негізделген математикалық пайымдаулар тұжырымдау, математиканы қолдану қабілеті.

Мектептегі математикалық білім берудің мазмұны білім алушылардың зияткерлік дамуына, олардың ойлау мәдениеті мен дербестігін қалыптастыруға, алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндігіне бағытталған. Қойылған міндеттерді шешу үшін мектеп математика курсы игеру барысында негізгі және маңызды орындардың бірін алатын жаттығулар жүйесіне ерекше рөл беріледі. Математика бойынша жаттығулар жүйесіне келесі типтегі тапсырмалар кіреді: ағымдағы оқылатын материалды қолдануға арналған тапсырмалар; әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар; шығармашылық тапсырмалар; пәнішілік және пәнаралық байланысты жүзеге асыруға бағытталған есептер және т.б. Математика сабақтарында әртүрлі мазмұндағы мәтінді есептерді (пәнаралық есептер, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар, ситуациялық есептер) шешуге көп көңіл бөлу керек, олардың кейбіреулерін шығару барысында есептің мәтіні бойынша математикалық модель құрастырылады.

Үлгілік оқу бағдарламаларында «Математикалық моделдеу және анализ» бөлімі берілген. Осыған сәйкес әр бөлімді игеру барысында мәтінді есептерді



шығаруға, математикалық сауаттылықты дамытуға арналған, практикаға бағытталған тапсырмаларды орындауға назар аудару ұсынылады.

«Математика және информатика» білім саласы оқу пәндерін оқыту барысында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында білім алушыларға анықтамалықтарды қолдану, оқу, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерден анықтамаларды, формулалар және басқа да тұжырымдарды іздеу; математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру; игерілген математикалық білім, білік, есептеу, өлшеу және графикалық дағдыларды пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу; дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау; математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру іскерліктерін үйрету ұсынылады.

Сонымен қатар, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру кезінде білім алушылардың жазбаша дағдыларын дамытуға ықпал ететін жұмыстарды жүргізу ұсынылады: тапсырмаларды орындау үшін нұсқаулықтар мен алгоритмдер жасау; математикалық есептерді ауызша және жазбаша шешу тәсілдерін сипаттау және түсіндіру; тапсырманың орындалу барысын ауызша және жазбаша талдау.

Математикалық сауаттылық зерттеу сипатындағы тапсырмаларды шешуде де қалыптасады, оларды орындай отырып, білім алушылар қолда бар деректерді тапсырма сұрақтарымен байланыстыра алады, тапсырма сұрағынан қолда бар деректерге іздеу қадамдарын жоспарлайды, табылған шешімді тапсырма сұрақтарымен салыстырады, нәтижені алудың әр қадамының дұрыстығын дәлелдейді, табылған шешімнің дұрыстығы мен толықтығын тексереді.

Оқу пәнінің кез-келген тақырыбы аясында білімалушының алдына белгілі бір пәнді оқу кезінде алынған білімнің көмегімен шешілетін пәндік саладан тыс мәселелер қоюға болады. Математика осындай есептерді қарастыруға мүмкіндік береді.

### *Білім беру процесінде цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсынымдар*

Математикада цифрлық ресурстарды пайдалану құзыреттілігі білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақытында технологияларды сенімді және шығармашылық пайдалануды қамтиды.

Цифрлық құзыреттіліктің құрамдас бөліктері білім алушылардың өздігінен білім алу, қажетті ақпаратты іздеу, іріктеу, ақпаратты талдау, ұсыну және беру дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Цифрлық құзыреттілікті дамыту үшін ұсынылады:

1) білім алушыларды негізгі ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;

2) ақпарат іздеуге және оны таңдауға байланысты өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

3) математиканың әртүрлі бөлімдерін зерделеу кезінде презентациялар жасау үшін қажетті компьютерлік бағдарламаны пайдалану, математикалық тапсырмаларды орындау кезінде фото/видео әзірлеу (геометриялық фигуралар жасау).

***Пәндік, метапәндік және негізгі (жоғары сыныптарда) құзыреттерді дамыту бойынша ұсынымдар***

«Математика және информатика» білім беру саласы пәндерін оқуға деген қызығушылықты арттырудың бір жолы – *білім алушылардың жобалық қызметі*.

Жобалау технологияларын қолдану пән бойынша оқу сапасын көтеріп қана қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлауды, мақсат қоюды, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсынуды және дәлелдеуді, тәжірибелер жүргізуді, орындалған жұмыстың нәтижелерін көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.

***Құндылыққа бағдарланған оқытуды іске асыру бойынша ұсыныстар***

«Математика және информатика» білім беру саласы пәндерін оқыту барысында келесі *құндылықтарға* назар аудару ұсынылады: *еңбек пен шығармашылық* (пәндік дағдыларды игеру, стандартты емес мәселелерді шешу үшін алған білімдерін шығармашылықпен қолдану); *ашықтық* (тұлғааралық ашықтықты қалыптастыру және дамыту білім алушылар, мұғалім мен білім алушы арасындағы қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылады); *өмір бойы білім алу* (математиканы оқыту кезеңдері арасындағы сабақтастықты, оқу процесінің тұтастығын мен үздіксіздігін қамтамасыз ету, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру); *ынтымақтастық* (топтарда білім алушылардың бірлескен жұмыстарын ұйымдастыру); *құрмет; патриотизм*.

Математика сабағында құрмет, патриотизм құндылықтарын қалыптастыру тарихты, мәдениетті мен дәстүрлерін және халықтың басқа да құндылықтарын құрметтеуге; қоршаған ортаны қорғаудағы белсенді ұстанымға; жоғары патриоттық сезімдерге тәрбиелеуге бағытталған жаттығулар шешімдері арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан мүмкіндігінше мұндай тапсырмаларды шешуді, әсіресе 1-8-сыныптарда қарастырған жөн.

Пәндерді оқыту процесінде білім сапасын жетілдіру мақсатында тұлғаға бағытталған проблемалық оқыту, саралап оқыту тәсілдерін, сонымен қатар іс-әрекет түрлері мен тапсырмаларды ұқыпты іріктеу арқылы дамыта оқыту тәсілдерін қолдану ұсынылады.

## ***«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ»***

Жаратылыстану ғылымын оқыту білім алушылардың бойында табиғи құбылыстар мен заңдылықтар туралы түсініктерді қалыптастырып, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашып көрсетеді.

Ол табиғаттың бір бөлігі ретінде адамға, табиғат әлемін ұғыну ғана емес, осы өзгергермелі әлемдегі өз орнын сезінуге бағытталған және жеке тұлғалық

құндылық қасиеттер жүйесін тәрбиелеуге, жеке тұлғаның дүниетанымдық, мәдени, тәжірибеге бағдарланған қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- бастауыш білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» (1-4-сыныптар);
- негізгі орта білім беру деңгейінде «Жаратылыстану» (5-6-сыныптар), «Физика», «Химия», «Биология», «География» (7-9-сыныптар);
- жалпы орта білім беру деңгейінде екі бағыт бойынша «Физика», «Химия», «Биология», «География» (10-11-сыныптар) пәндері оқытылады.

Дене шынықтыру сабақтарын өткізу кезінде педагогтің басты назары білім алушыларды техникалық даярлауға бағытталуы тиіс. Оқытудың басында білім алушы қозғалыс моделін мүмкіндігінше дәл имитациялауы керек. Педагог үшін бұл кезеңде қозғалыстың негізгі элементтеріне назар аудару өте маңызды. Қозғалыс моделіне қойылатын талаптардан басқа, оқу процесінде сөзсіз пайда болатын қателіктерді диагностикалау және қозғалысты уақтылы түзету үшін құралдарды әдістемелік тұрғыдан дұрыс таңдау маңызды.

Педагог шынықтыру жаттығуларының орындау сапасының қажетті деңгейін сақтай отырып, білім алушыларға қойылатын талаптарды біртіндеп арттырады.

Білім алушы алдыңғы жаттығуда талаптарды орындағанға дейін жаттығуларды қиындату ұсынылмайды. Жаттығуларды таңдауда білім алушыларды қызықтыра отырып, жаттығуларды орындаудағы техникалық шеберліктерін өсіруге ынталандыру керек.

Дене шынықтыру сабағы кезіндегі білім алушылардың алдына қойылған міндеттердің қиындығын біртіндеп арттыру қозғалыс тұрғысынан да, қабылдау тұрғысынан да сақталуы керек.

Дене шынықтыру сабағының тиімділігі сабақты өткізу әдістемесімен ғана емес, сонымен қатар бірқатар ұйымдастырушылық шарттармен де анықталады: қолда бар жабдықтарды ұтымды пайдалану; оқытудың техникалық құралдарын қолдану; сабақты өткізу орнының ерекшелігін есепке алу (спорт залы немесе мектеп жанындағы спорт алаңы, стадион немесе саябақ, тегіс немесе тегіс емес жер); сыртқы ортаның сипаты және т. б.

Сабақты ұйымдастыру үшін төмендегі жағдайларды қамтамасыз ету:

- 1) санитарлық-гигиеналық жағдай жасау;
- 2) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- 3) сабақта айналысатын қызметті ұйымдастырудың әдісін (тәсілін) таңдау, бұл әдіс тапсырмаларды жақсы орындауға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру бойынша функционалдық сауаттылық білім алушылар кез келген өмірлік жағдайда қолдана алатын білімдер, дағдылар, біліктер (қозғалыс әрекеттері) жиынтығын қамтиды.

«Дене шынықтыру» пәні бұл балаларға өз денесіне, денсаулығына саналы және сауатты көзқарасты сіңіретін, физикалық дамуға ықпал ететін, қозғалыс қасиеттерін жетілдіретін, салауатты өмір салтын ұстану саласындағы білімді қалыптастыратын негізгі пәндердің бірі. Сондықтан өз денсаулығы, коммуникативтік қабілеттері, командада жұмыс істеу қабілеті, көшбасшылық мәселелерінде сауаттылықты дамытуға бағытталған белгілі бір тапсырмалар арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту қажет.

1-4 сыныптарда білім алушылар «салауатты өмір салты» ұғымын білуі, «жаман әдеттердің» не екенін түсінуі, өздерінің физикалық қасиеттерін білу керек.

5-9 сыныптарда моториканы қалыптастыру бойынша тапсырмаларды орындау керек (әр түрлі жалпы дамыту жаттығулары кешендерін құрастыру, физикалық қасиеттерге арналған жаттығуларды таңдау), спорттық ойындарда, бәсекеге қабілетті іс-шараларды қолдану үшін шығармашылық ойлауды дамыту, сондай-ақ өз бос уақытын ұйымдастыруды білу керек.

10-11 білім алушылар жүктеме мен демалысты жоспарлай білу, физикалық қасиеттерді дамыту үшін жаттығуларды таңдау, физикалық жаттығулар техникасын талдау, өз білімдерін тәуелсіз сабақтарда қолдана білу керек.

Салауатты өмір салтына саналы қажеттілікті қалыптастыру үшін салауатты өмір салтын насихаттау арқылы өз денсаулығын құру саласында функционалдық сауаттылық деңгейіне қол жеткізу қажет.

Денсаулықты өзін-өзі бақылаудың қарапайым сынақтарын, жеке жетістіктерді өлшеу, есептеу, бағалау дағдыларын игеру арқылы дене дамуы мен дене дайындығы деңгейін бақылау және түзету.

Физикалық өзін-өзі жетілдірудің жеке жоспарларын әзірлеу арқылы дененің жеке денсаулығы мен функционалдығын бағалау.

Сабақ барысында балалар салауатты өмір салты және оның денсаулықты нығайтумен байланысы туралы білімді игереді; салауатты өмір салтын ұйымдастырудағы дене шынықтырудың рөлі мен орны, олардың физикалық дамуы мен дене дайындығының жеке ерекшеліктері, жеке денсаулықтың ерекшеліктері және ағзаның функционалдық мүмкіндіктері туралы білімдерін қалыптастырады, өз міндеттерімен және жеке даму ерекшеліктерін түсінеді.

Сабақтарда физикалық қасиеттерді ғана емес, шығармашылық қабілеттерді де дамыту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру қажет.

Арнайы медициналық топқа тағайындалған білім алушылар негізгі топпен бірге, сонымен қатар жеке (сараланған) тәсілмен жұмыс істейді.

1. Дене шынықтыру сабақтарына барлық білім алушылар спорттық формаларымен, ауа-райына, спорттық сабақ түрлеріне байланысты және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес сабаққа қатысады. Әрбір оқу жылының басында дәрігерлік-бақылау комиссиясының анықтамасын ұсынған білім алушылар дене белсенділігінен босатылады.

2. Дене жүктемесінен босатылған барлық білім алушылар спорт залының ғимаратында немесе спорт алаңында дене шынықтыру педагогінің қарауында болады.

3. Дене шынықтырудан уақытша босатылған білім алушылар «Дене шынықтыру» пәнінен босатылмайды. Сабақта олар теориялық сұрақтарды зерттейді, өздерін төрешілікте көрсетеді, білім алушылардың қозғалыс техникасын бағалайды және т.б., тиісті бағалар мен үй тапсырмаларын алады.

4. Дене шынықтыру сабақтарына қатыспаған кезде, білім алушы болмау себебін дәлелдеп, куәландырылған медициналық анықтаманы немесе ата-анасы (немесе басқа да заңды өкілдері) жазған түсіндірме жазбаны сынып жетекшісіне беруге міндетті.

5. Дене шынықтыру педагогі осы білім алушылармен алдағы сабаққа физикалық немесе басқа сабақтардың түрін, дәрежесін және деңгейін анықтайды: - материалды теориялық зерттеу; - интеллектуалды ойындар (дойбы, шахмат); - үстел теннисі, бадминтон; - сабақты ұйымдастыруға немесе судьяға қолдан келгенше көмек.

Дәрігерлердің бақылауымен сабақтан тыс уақытта ЕДШ мамандандырылған кабинеттеріне баратын емдік дене шынықтыру сабақтарына ұсынылған білім алушылар ЕДШ курсы аяқтағаннан кейін баға алу үшін дене шынықтыру педагогіне анықтама беруі тиіс.

Дене шынықтыру сабағының жарақаттану қаупінің жоғарылауы оның нақты мазмұны гимнастикалық снарядтардағы, снарядтармен және снарядтарсыз әртүрлі қозғалыс белсенділігі болып табылатындығына байланысты. Сабақты



жан-жақты ойластыра отырып ұйымдастыру, көмек пен сақтандырудың әдістері мен тәсілдері, жарақаттану қаупі жоғары жаттығуларға ерекше назар аудару (гимнастикалық снарядтардан секіру, арқанға өрмелеу, граната лақтыру және т.б.) сабақта жарақаттануды болдырмауға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру сабақтары кезіндегі қауіпсіздік техникасы білім алушылардың қозғалыс қызметі кезінде қауіпсіздік саласында практикалық білім алуына бағытталған және білім алушылар онымен сабақтан бұрын да танысады.

Қауіпсіздік ережелері сабақ кезінде жарақаттануды азайтуға бағытталған және оқу процесіне қатысушылардың барлығы оны орындауы міндетті. Қауіпсіздік ережелері келесіге бөлінеді:

- 1) дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздіктің жалпы ережелері;
- 2) сабақтың алдында, уақытында және соңында қауіпсіздік ережелері;
- 3) спорттық – бұқаралық және дене шынықтыру – сауықтыру іс-шараларын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары;
- 4) жазатайым оқиғалар мен төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік талаптары.

Қауіпсіздік ережелерінің мазмұны спорт түріне және сабақ өтетін орынға байланысты. Әр спорт түрінің өз ережелері мен талаптары бар.

«Дене шынықтыру» пәнінің ерекшелігі педагогке сабақтарда және білім алушылардың жеке қасиеттерін сәтті тәрбиелеуге көмектеседі. Адамгершілікке тәрбиелеуде үлкен нәтижеге жету үшін әр сабақта тәрбиелік сипаттағы әртүрлі құралдарды қолдану қажет. Оларға мыналар жатады: білім алушылар ұжымын біріктіруге ықпал ететін тапсырмаларды таңдау; бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыру, өзара көмек; сабақта білім алушылар жасаған жағымды істерді қолдау, жағымсыз әрекеттерді айыптау және т. б.

Жеке қасиеттерді тәрбиелеу үшін білім алушыларға қиын, бірақ орындауға болатын міндеттерді қойып, мақсатқа жетуді ынталандыру қажет. Сонымен, батылдық пен табандылықты тәрбиелеу үшін шешімсіздік пен қорқыныштан арылуға байланысты жаттығуларды қолдануға болады, мысалы, тірек секіру, гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар және т. б.

Дене шынықтыру педагогтеріне «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқу-әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мен Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы әзірлеген әдістемелік материалдарды пайдалану ұсынылады.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар оқытылатын сыныптардағы дене шынықтыру сабақтарында олардың дағдыларын, қабілеттерін, денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру қажет, сабақты оқыту әдістері мен балаларға жүктемені бөле отырып, соған сәйкес жоспарлау және нысандарды таңдау керек.

Инклюзивті білім беруді іске асыру шеңберінде Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған Инклюзивті білім беру жағдайында «Дене шынықтыру» пәнінің оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша әдістемелік

ұсынымдар пайдалануға ұсынылады. Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА – Астана, 2023. (<https://uba.edu.kz/ru> «Әдістемелік ұсынымдар» бөлімі).

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Білім беру ұйымдарында мектептен тыс спорттық жұмыстарды ұйымдастыру туралы Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы әзірлеген спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар пайдалануға ұсынылады (<https://www.nnpcfk.kz/index.php/ru/metodicheskie-materialy>, «Әдістемелік материалдар» бөлімі).

2023-2024 оқу жылында әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жоспарлау кезінде келесі мәселелерді талқылауға назар аудару ұсынылады:

1. 5-сынып оқушыларының дене дайындығына талдау.
2. 9-сынып оқушыларының дене дайындығына талдау.
3. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтерге курстан кейінгі қолдау көрсету.
4. Оқу процесін ұйымдастыруға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды таныстыра отырып, педагогтерді нормативтік- құқықтық құжаттармен таныстыру, педагогтерді аттестаттау және т.б. мәселелер.
5. Жас педагогтердің қызметіндегі нәтиже.
6. Дәстүрлі спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру – сауықтыру шараларының тиімділігі.
7. Дене шынықтыру педагогтерінің авторлық бағдарламаларды қолдану тиімділігі.
8. Дене шынықтыру педагогінің кәсіби қиындықтарының мониторингі.

Жалпы білім беретін ұйымдардың 5-9-сыныптарының «Дене шынықтыру» оқу курсы аясында «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны жүзеге асырылады. Дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік ережелері бойынша негізгі тақырыптармен қатар мыналарды оқып-үйрену ұсынылады: Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда, орманда және елді мекендерде өзін-өзі ұстау ережелерін. Жаман әдеттердің алдын алу. Темекі шегу: темекі түтінінің шылым шегетін адамның ағзасына әсері және т.б. Нашақорлық пен уытқұмарлық, олардың денсаулыққа тигізетін салдары алкоголь және оның адамның психикалық және физикалық қабілеттеріне әсері. Денсаулық туралы жалпы түсініктер; Артық жұмыс: себептері мен алдын алу. Салауатты тамақтану. Төтенше жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету. Бала үшін қауіпті жағдайлар. Биологиялық белсенді қоспаларды қолдану және олардың жас жасөспірім ағзасына әсері.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру үдерісін келесі құжаттар негізінде құру ұсынылады:

*№ 1 папка. Нормативтік және білім беру құжаттамасы:*

- дене шынықтыру бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ағымдағы оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хат;
- дене шынықтыру бойынша 1-4, 5-9, 10-11-сыныптардың оқу бағдарламалары;

- қосымша бағдарламалар (егер мектеп жүктемесі төмендетілген типтік оқу жоспарлары бойынша жұмыс істесе);

- оқу жылын күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау (ұзақ мерзімді жоспарлау);

*№ 2 папка. Қауіпсіздік техникасы бойынша құжаттама:*

- спорт залының төлқұжаты;

- акт – спорттық құрал-жабдықтарды және инвентарларды жаңа оқу жылына әзірлікке тексеру және қабылдау;

- дене шынықтыру сабағын өткізуге акт-рұқсат;

- оқу жоспарының тараулары бойынша сабақ кезіндегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар;

- 1-11-сынып оқушыларына арналған қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық журналы;

- жарақаттарды тіркеу журналы. Жарақат туралы есеп;

- спорт залының жұмыс жүктемесінің кестесі.

*№ 3 папка. Дене шынықтыру педагогтері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі құжаттама (бұдан әрі – Бірлестік):*

- бірлестік құру және дене шынықтыру педагогтері Бірлестігінің жетекшісін тағайындау туралы бұйрық;

- бірлестіктің оқу жылындағы жұмысының мақсаты мен міндеттері;

- бірлестіктің өткен жылғы жұмысын талдау;

- бірлестіктің ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары;

- бірлестіктің педагогтері туралы жалпы мағлұмат (сапалық құрамы);

- бірлестік педагогтерінің біліктілігін арттырудың ұзақ мерзімді жоспары;

- пәндік онкүндіктің жоспары (ашық сабақтар мен іс-шаралар кестесі);

- бірлестік отырыстарының хаттамалары.

*№ 4 папка. Сабақтан тыс спорттық іс-шаралар жұмысының құжаттамасы мен есебі:*

- сыныптан тыс спорттық іс-шаралар бағдарламалары;

- сыныптан тыс спорттық жұмыстардың тақырыптары көрсетілген оқу жылына арналған жұмыс жоспары;

- білім алушылардың мектептен тыс спорттық іс-шараларға қатысуын тіркеу, қол жеткізген спорттық нәтижелерді тіркеу;

- қауіпсіздік журналы;

- оқу жылындағы жұмыс туралы есеп.

Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақ кестесін жасау кезінде бір спорт залында бірнеше сыныптарда сабақ қатар жүргізілетін болса, білім алушылардың жас ерекшеліктерін сақтауды ескеру қажет. Мысалы, бір уақытта 5-6; 7-8; және 9, 10-11 сыныптарда сабақ өткізуге болады.

### **Тәрбие жұмысы**

Бұқаралық спортты насихаттау, білім алушыларды дене шынықтыру мен спортқа жүйелі түрде баулу, салауатты өмір салтын насихаттау аясында жыл сайын Ұлттық мектеп лигасы өткізіледі.

Ұлттық мектеп лигасында басқа кешенді жарыстардан айырмашылығы тек бір мектептің 5-6, 7-8, 9-11 сынып білім алушылары қатыса алады, балалар мен

жасөспірімдер спорт мектептері, олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептері, бейіндік сыныптар, спорт интернаттар мен Академия білім алушылары қатыса алмайды. Дегенмен, жасөспірімдер спорт мектебінің білім алушылары лига ережелерін сақтаған жағдайда өздерінің негізгі мектептері атынан жарысқа қатыса алады.

Лига төрт кезеңнен тұрады:

1-кезең: сыныптар арасындағы мектепшілік іріктеу;

2-кезең: мектептер арасындағы аудандық/қалалық жарыстар;

3-кезең: облыстық жарыстар II кезең жеңімпаздары арасында өткізіледі;

4-кезең: республикалық – қорытынды кезең үшінші кезең жеңімпаздары арасында осы кезеңнің қорытындысы туралы хаттаманы ұсынғаннан кейін өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында Ұлттық мектеп лигасы спорттың 10 түрінен («Шұбар доп» волейбол, «Алтын доп» баскетбол, «Былғары доп» футбол, «Теңбіл доп» фutsal, «Ұшқыр доп» гандбол, тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық, «Ақбоз ат» шахматы, үстел теннисі, жеңіл атлетикалық кросс) өткізіледі.

## **АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ**

Алғашқы әскери-технологиялық дайындық білім алушыларға әскери-патриоттық және адамгершілік тәрбие берудің жалпы жүйесінде олардың өзіндік санасын, танымдық қызығушылықтарын, коммуникативті дағдыларын, ерік-жігер қасиеттерін, алғашқы практикалық дағдыларын, әскери іс-әрекет дағдыларын дамытуда маңызды орын алады. істері, робототехникадағы теориялық негіздері, автокөлік жүргізу, цифрлық фото және бейне техниканы пайдалану және даму тарихымен танысу арқылы ерлік-жігері мықты, қайсар, физикалық денсаулығы мықты, әскери мағынада функционалды сауатты тұлғаны дамытуға бағытталған. қазақ әскері және оның қазіргі жағдайын зерттеу. Оқу пәні қазақ армиясының даму тарихымен танысып, оның қазіргі жай-күйін зерделей отырып, ерік-жігері мықты, қайсар, дене бітімі дені сау, функционалдық құзыретті әскери тұлғаны дамытуға бағытталған.

Алғашқы әскери-технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда да жүзеге асырылады: теориялық сабақтар негізінен дидактикалық материалды, техникалық құралдарды және оқытудың инновациялық әдістерін пайдалана отырып әңгіме және әңгімелесу түрінде өткізіледі; практикалық жаттығулар қару-жарақ пен әскери техниканы, аспаптарды және басқа да техниканы пайдалана отырып, оқытылатын материалды бекітуге бағытталған.

Тіршілік қауіпсіздігі негіздері және ақпараттық технологиялар бөлімінде азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері бойынша сабақтар, бейбіт және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының халқын табиғи апаттардың, ірі авариялардың, апаттардың зардаптарынан қорғау бойынша жүргізілетін іс-шаралар және терроризм актілері қарастырылған.

10-сыныпта оқушылардың практикалық дағдылары мен дағдыларын дамыту, сонымен қатар әскери істерді оқуға деген қызығушылықты

қалыптастыру мақсатында оқу жылының соңында бес күндік далалық (лагерь) оқу-жаттығу жиындары өткізіледі. Жас жігіттермен 30 сағат көлемінде әскери бөлімдердің базаларында (әскери бөлімдердің қолбасшылықтарының келісімі бойынша) немесе тиісті оқу-материалдық базасы бар білім беру ұйымдарында.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтары әртүрлі интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, тәжірибеге бағытталған болуы керек. Тәжірибелік сабақтардың басталуына дейін тыңдаушылар негізгі міндеттерді орындау және қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша міндетті нұсқамадан өтеді.

## **2.3 ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ**

*2023-2024 оқу жылында келесі тақырыптағы элективті курстарды өткізу ұсынылады:*

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ:**

- Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру
- Тіл мәдениеті
- Сатылай кешенді оқыту технологиясы
- Эссе, оның түрлері, бағалауға қойылатын талаптары, өлшемдері
- Ахметтану
- «Әлем әдебиеті» курсы
- Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті
- Көркем мәтінді талдау
- Оқу сауаттылығына байланысты мәтін талдау

*Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін:*

- Қызықты грамматика
- Абай тағылымы
- Тіл таным
- Жылдам оқу
- Алаштану
- Үндестік заңы

### **ШЕТЕЛ ТІЛІ**

- Дыбыстар сөйлейді. 2-4 сыныптарға арналған Фонетика
- Жазу дағдылары арқылы білім алушылардың жазбаша сөйлеуін дамыту.
- Құмарлықпен оқу
- Айналамыздағы шет тілі
- Елтану сабағы
- Әлемге саяхат
- 10-11-сыныптарға арналған Өзін-өзі жобалауға арналған нұсқаулық



- 10-11-сыныптарға арналған Іскерлік шет тілі
- Көркем мәтін және аударма
- Қанатты сөздер
- Эссе және оның түрлері
- Ақпараттық шет тілі

## **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ**

- Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер;
- Дұрыс тамақтанудың денсаулықты сақтаудағы ролі;
- Экологиялық этика;
- Биологиялық белсенді қоспалар және олардың денсаулыққа әсері;
- Үй іргесіндегі телім;
- Денсаулықты күту және нығайтудың негізгі аспектілері;
- Нанотехнология жетістіктері
- Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия
- Химиялық эксперименттік есептерді шешу
- Мектептегі агрохимия
- Көмірсутек шикізаты. Кеше, бүгін, ертең
- линикадағы химиялық зерттеу әдістері
- Химия және материалтану
- Медициналық физика;
- Ғарыш физикасы;
- Физика және экология;
- Биофизика;
- Биохимиялық физика;
- Нанотехнология;
- Физика және Қазақстан энергетикасы;
- Космонавтиканың элементтері;
- Заманауи ғарышкерліктің жетістіктері;
- Физикадан қиындығы жоғары есептерді шешу әдістері;
- Физикадан эксперименттік есептер шешу;
- Физика ғылымындағы іргелі эксперименттер;
- Астрофизиканың практикалық негіздері;
- Ұлттық астрономия;
- Бейбіт атом;
- Қоршаған ортаның физикалық ластануы және олардың адамға әсері;
- Физика және компьютер;
- Физикалық-техникалық модельдеу;
- Радиациядан қорғану;
- PHYSICS IN ENGLISH;
- Қазақ физиктерінің тарихы.
- Туризм географиясы

- Этногеография
- Рекреациялық география
- Топография және картография негіздері
- Экологиялық география
- «Киелі-қасиетті жерлер» географиясы (сакральная)
- Гуманитарлық география
- Қоғамдық география

## **МАТЕМАТИКА И ИНФОРМАТИКА**

- Математика өмірде (1-4-сыныптар)
- Математика шыңы (1-4-сыныптар)
- Математика және логика (1-4-сыныптар)
- Математикалық жобалар (1-4-сыныптар)
- Робототехника (4, 5-11-сыныптар)
- 3D моделдеу (8-9-сыныптар)
- «Python» тілінде бағдарламалау курсы (6, 8-11-сыныптар)

## **АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ**

- Алтын адам жәдігерлері
- Түркі ғұламалары
- Ұлы даланың тарихындағы әскери дәстүр
- Ұлы дала көшпенділерінің мемлекеттік идеясы мен дәстүрлі институттары, саяси нышандар мен билік атрибуттарының сабақтастығы
- Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілік салты
- Қазақ көшпенділерінің мәдени-тарихи негіздері
- Алаш идеясы және Алаш қозғалысы
- Әлемдік озық мәдениеттің жауһарлары
- Әлемдік мұражайлар өркениеттер тарихы
- Еуразия кеңістігіндегі көшпенділер өркениеті
- Тарихи демография
- Жаһандану үдерістері: теория және қазіргі заман
- Дүниежүзі тарихында әлеуметтік-саяси қозғалыстар: коммунистік, социалистік, жаңа демократиялық қозғалыстар
- ГТР және оның әлеуметтік және рухани салаға ықпалы
- Батыстық өркениет: мәселелер мен үдерістер
- Қазақстан Республикасындағы негізгі қоғамдық процестерді құқықтық реттеу негіздері
- Қазіргі заманның негізгі құқықтық жүйелерін жіктеу
- Экологиялық құқық-қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық механизмі
- Құқықтық ақпараттандыру
- Құқық негіздері бойынша Практикум

## 2.4 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Білім беру процесінде «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 25 тамыздағы № 428 бұйрығымен бекітілген Білім беру ресурстары оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, цифрлық ресурстар пайдаланылады.

(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024126>).

Оқулықтардың электронды нұсқаларына сілтемелер 1-11 сыныптар:  
қазақ тілінде

<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/98056?directionId=3599&lang=kk>

орыс тілінде

<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/98056?lang=ru>

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша интернет-ресурстарға сілтемелер:

<https://www.uba.edu.kz/ru>

<http://ustazuni.kz>

<http://mugalimder.kz>

<http://bilimland.kz>

<http://abai.kz>

<https://kazneb.kz>

<https://adebiportal.kz/kz>

<http://bilimger.kz>

<http://ustaz.kz>

<http://sabak>

<http://sabaqtar.kz/kazaksh/>

<http://bilimsite.kz/ustaz>

<http://tarbie.org>

Білім алушыларды *олимпиадаға* қатысуға дайындау кезінде мұғалімге көмек үшін олимпиада тапсырмалары орналасқан сайты ұсынамыз:

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының сайты:

- <https://daryn.kz/kk/sample-page-2/>

«Адам және қоғам» білім беру саласы бойынша интернет-ресурстарға сілтемелер:

<http://www.tarih-begalinka.kz;>

<http://www.e-history.kz;>

[http://bilimsite.kz/tarih/;](http://bilimsite.kz/tarih/)  
[http://testcenter.kz/entrants/for-ent/;](http://testcenter.kz/entrants/for-ent/)  
<http://www.world-history.ru>  
<http://historyatlas.narod.ru>  
<https://online.zakon.kz/>  
<https://adilet.zan.kz/rus>  
<https://www.un.org/ru>  
[https://uchet.kz/deloiproduktivo/index.php?SECTION\\_ID=6267](https://uchet.kz/deloiproduktivo/index.php?SECTION_ID=6267)  
<https://kazpatent.kz/ru/content/obrazcy-dokumentov-6>  
<https://sud.gov.kz/rus/content/obrazcy-iskovyh-zayavleniy-i-drugih-obrashcheniy-v-sud>  
<https://almaty.atameken.kz/ru/pages/819-obrazcy-dogovorov-gpo>

### *Цифрлық кітапхана*

«Цифрлық кітапхана» бірлескен жобасы аясында Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында Республикалық ғылыми педагогикалық кітапхананың филиалы ашылды. Жоба 2022 жылдан бастап отандық ғылыми-зерттеу жұмыстарының қолжетімділігін арттыру және педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында іске асырылуда.

Цифрлық кітапханада барлығы 100 000-нан астам әдістемелік құралдар мен диссертациялар бар, ғылыми жұмыстарды ыңғайлы іздеу және ЭОЖ мен QR-кодты автоматты түрде беру ұсынылған.

Бірыңғай цифрлық ресурста оқу бағдарламаларымен, әдістемелік ұсынымдармен, педагогикалық ғылымдар бойынша диссертациялармен, білім беру стандарттарымен және басқа да әдістемелік материалдармен танысуға мүмкіндік берілген.

Цифрлық кітапхананың әдістемелік құралдар мен диссертациялар базасы Алтынсарин Академиясының сайтымен біріктірілген [www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz) (бөлім – Кітапхана).

### **2.5 ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ЕСКЕРТУЛЕР БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

Оқулық - оқу пәнінің мазмұнын дәйекті және жүйелі түрде баяндайтын оқыту құралы. Оқулықпен жұмыс істеу оқу материалын игеруге ықпал етеді және білім алушылардың өзіндік жұмыс дағдыларын дамытады.

Сабақтарды дайындау кезінде мұғалімдер оқулық материалының мазмұнын мұқият тексеріп, оны талдап, сабақ жоспарына параграфтардың мазмұнындағы қателіктерге қатысты ескертпені енгізуі керек. Оқулықта берілген жауаптардың дұрыстығын тексеру үшін тапсырмаларды алдын-ала шешу керек.

Оқулықтағы тапсырманың оқу мақсаттарына сәйкестігіне ерекше назар аударыңыз. Егер педагог сабақта осы мәселеге тиісті назар аудармаса, білім

алушы оқулықпен өз бетінше жұмыс жасағанда дұрыс емес білімді игереді, оны уақытында бақылау және түзету қиын.

*Орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі бойынша оқулықтардың мазмұнындағы ескертулер бойынша жұмыс істеу бойынша ұсыныстар.*

Қазіргі орыс тілі мен әдебиеті сабағы коммуникативті тәсіл негізінде құрылуы керек, яғни, сабақта оқушылар бір уақытта сөйлеу әрекетінің төрт дағдысын игеруі керек: тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу.

Тыңдау сабақтары үшін аудио мәтіндер, бейнелер қажет. Барлық тапсырмалар аудио мәтіндер негізінде құрылуы керек.

Оқу сабақтарында білім алушылар жазбаша, электрондық мәтіндерді талдауы тиіс.

Білім алушыларды тек оқулық мәтіндерімен шектеуге болмайды; білім алушылар күн сайын кездесетін нақты өмірден алынған мәтіндерді талдауы керек. Осылайша сіз білім алушылардың мотивациясының өсуіне қол жеткізесіз.

Оқылған, тыңдалған мәтіндерге сүйене отырып, бөлімнің соңына қарай білім алушыларды ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жазбаша жұмыс жазуға шақырыңыз. Бұл эссе, шығармашылық жұмыс және т.б. болуы мүмкін. бұл жазбаша жұмыста білім алушы оқылған және тыңдалған мәтіндердің идеяларын ұсынуы керек.

Жазу тапсырмалары жаттығуларды қайта жазумен және тыныс белгілерін қоюмен шектелмейді.

Өнімді дағдылардың (сөйлеу, жазу) негізгі мақсаты – бірегей жазбаша өнімдерді жасау.

Ағылшын тіліндегі оқулықтардың сөздіктерінде сөздердің дұрыс аударылмауы кездеседі.

Педагог білім алушыға сөздердің мағынасын және тұрақты тіркестерді тексеру үшін әртүрлі электрондық және қағаз ресурстарын пайдалануды үйретуі керек. Үлгілік оқу бағдарламасында 9.4.8.1 мақсаты осы дағдыны дамытады:

*9.4.8.1 use a range of familiar and unfamiliar paper and digital reference resources to check meaning and extend understanding*

Педагогке ана тіліне аударманы қолдануға жүгінбеуге ұсынылады, бірақ мақсатты тілдің анықтамаларымен жұмыс істеуге ынталандырылады, өйткені бір сөз контекстке байланысты әр түрлі мағынаға ие болуы мүмкін.

Сөздерді және тұрақты өрнектерді тексеруге арналған сенімді дереккөздердің мысалдары:

<https://dictionary.cambridge.org/>;

<https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/>

<https://www.merriam-webster.com/>

*Тарих оқулықтарының мазмұнындағы қателіктермен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар:*



– оқулықтағы тарихи даталардың сәйкес келмеуіндегі олқылықтар орын алғанда мұғалім дұрыс ақпарат берілген дереккөздерді талдау арқылы түсіндіру ұсынылады;

– оқулық мәтінінде мемлекеттер мен империялардың аумағымен байланысты олқылықтар туындаған кезде тарихи картамен жұмыс жасай отырып, дұрыс ақпарат беру ұсынылады;

– оқулықта тарихи терминдердің анықтамасы берілмесе, педагогке сабақ барысында терминдермен жұмыс жүргізу ұсынылады;

– оқулықтағы тапсырмалар оқу мақсаттарына сәйкес келмеген кезде педагогке оқу мақсатына жетуді тексеруге арналған тапсырмаларды тұжырымдау ұсынылады.

## 2.6 ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2023-2024 оқу жылында үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту, үлгерімі төмен және үлгерімі жоғары білім алушылар арасындағы алшақтықты қысқарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Жұмысты ұйымдастыру білім алушылардың барлық пәндер бойынша білімін кіріс және тұрақты бақылау, жұмыс жоспарын әзірлеу және оны әр педагог жүйелі түрде жүзеге асыру барысында жүзеге асырылады және мектеп әкімшілігінің бақылауында болуы керек.

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім сапасына үнемі мониторинг жүргізу қажет.

*Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеу алгоритмі:*

1) бірнеше педагогтардың сабақтарды, оқу іс-әрекеттерін бірлесіп жоспарлауы (оқу материалын қайталау, бекіту, олқылықтарды жою үшін қарапайым оқу тапсырмаларын орындау, қателерді талдау және жою бойынша оқу іс-әрекетін алгоритмдеу және т. б.);

2) оқу қызметі барысында сүйемелдеу және консультация беру;

3) бірінші сынып оқушылары мен осал балалардың психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету;

4) оқу қызметін ынталандыру (көтермелеу, табысқа жету жағдайларын жасау, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.);

5) білім алушылардың оқу қызметі мен жетістіктерінің мониторингі (білім алушылардан үнемі сұрап отыру, оқу тапсырмаларының орындалуын тексеру, кері байланыс, өзін-өзі бағалауды жандандыру және т.б.);

6) қосымша сабақтар және өзара көмекті ұйымдастыру;

7) білім алушыға қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс;

8) дербес тапсырмаларды орындау үшін қашықтықтан оқыту жүйесін пайдалану.

Оқу жылы ішінде үлгерімі төмен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша келесі міндеттерді шешуге бағытталған жұмысты жалғастыру ұсынылады:

- білім алушының артта қалуының себептерін анықтау және оның оқу жетістіктерінің деңгейін және білімдегі олқылықтарды анықтау;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;
- білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып және сараланған тапсырмаларды таңдаумен жеке оқу жоспарын әзірлеу;
- тұрақты кері байланыс жүргізу.

Педагог білім беру қажеттіліктерін және білім алушылардың жеке даму траекториясын ескере отырып, пән бойынша үлгерімі төмен білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмін дербес әзірлейді. Мысалы:

- өткен және ағымдағы оқу жылдарындағы оқу мақсаттарын, оқу пәні сабақтарының тақырыптарын біріктіру;
- өткен оқу жылының материалын жаңа оқу жылының барлық кезеңіне пәндер бойынша бөлу;
- жаңа тақырыпты/оқу мақсатын оқымас бұрын оқу материалын қайталау;
- білім алушыларға қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша сабақтар өткізу;
- білім алушыларға оқытудың күрделі тақырыптары/мақсаттары бойынша жеке және топтық консультациялар өткізу;
- пән бойынша өткен оқу материалдары бойынша олимпиадалар ұйымдастыру;
- демалыс мектептерін ұйымдастыру;
- формативті бағалау жүргізу кезінде өткен бағдарлама бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу және енгізу;
- өткен оқу жылындағы материалды пайдалана отырып, зерттеу және жобалау жұмыстарын іске асыру;
- білім беру ұйымдарының, оның ішінде гимназиялардың/лицейлердің Типтік оқу жоспарларының вариативтік компонентінің сағаттарын білім алушылардың білімін толықтыру бойынша сабақтар өткізуге пайдалану;
- білім беру платформаларын пайдалану.



**Назар аударыңыз!**

*И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2022 жылы «Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірлеген және [www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz) сайтында қол жетімді*

## 2.7 САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ

Сабақты жоспарлау бұл тиімді оқыту және оқушылардың оқу мақсаттарына жетуі үшін қажетті педагогикалық практиканың ажырамас бөлігі болып табылады.

Орта білім беру ұйымдарындағы сабақтарды жоспарлау нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары

педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы;

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы.

Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мұғалімдер сабақты жоспарлау аясында екі құжат бойынша жүргізеді:

1. Қысқа мерзімді (сабақ) жоспар
2. Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар.

Екі жоспар да қағаз түрінде де, электронды түрде де жүргізілуі мүмкін (word, pdf).

### **1. Қысқа мерзімді (сабақ) жоспар**

Барлық оқу пәндерінің мұғалімдері күн сайын кестеге сәйкес қысқа мерзімді сабақ жоспарын жүргізеді. №130 бұйрыққа сәйкес сабақ жоспары келесі міндетті тармақтарды қамтуы керек:

- оқу бағдарламасының бөлімі;
- педагогтің аты-жөні;
- сабақты өткізу күні;
- сыныпта қатысқандардың / қатыспағандардың саны;
- сабақтың тақырыбы;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары;
- сабақтың мақсаттары (оқу мақсаттарына сәйкес жасалады);
- сабақ барысы (сабақ кезеңі, мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеті, бағалау және ресурстар) (6-кесте).

3-кесте - Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

Бөлім		
Педагогтің Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)		
Күні		
Сынып	Қатысушылардың саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		
Сабақтың мақсаттары		

### **Сабақ барысы**

Сабақ кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	іс-	Оқушының әрекеті	іс-	Бағалау	Ресурстар
---------------------	--------------------	-----	------------------	-----	---------	-----------


Педагог тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын дербес таңдауға құқылы.

Сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар болған кезде әдістемелік бірлестіктер мақұлдаған жеке бағдарламаларды бейімдеу және іске асыру жөніндегі іс-қимылдар көзделеді.

## **2. Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар**

Педагог оқу жылы басталғанға дейін бір рет пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар әзірлейді. №130 бұйрыққа сәйкес орта мерзімді жоспарда төрттен бір бөлігіндегі мынадай міндетті тармақтар болуы тиіс:

- бөлім / тақырыптар;
- сабақтың тақырыбы;
- оқу мақсаттары;
- сағаттар саны;
- мерзімдері мен ескертпесі.

### 4-кесте - Пәндер бойынша орта мерзімді жоспардың үлгісі

№ р/с	Бөлім/ Тақырыптар	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағаттар саны	Мерзімдер	Ескертпе
I тоқсан						
II тоқсан						
III тоқсан						
IV тоқсан						

## **2.8 МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Мектепшілік бақылау – білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің жағдайын бағалау жүйесі.

Мектепшілік бақылау – білім беру ұйымының қызметін жетілдіру, сонымен қатар жалпы мемлекеттік талаптарға (нормативтерге), білім алушылар мен педагогтердің сұраныстарына сәйкес оқу-тәрбие процесін зерделеу және талдау негізінде мектептегі білім беру сапасын жақсарту мақсатында жүргізіледі.

Оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту

туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес дайындалады.

Білім беру ұйымдарында мектепшілік бақылауды педагогикалық кеңес бекітетін Мектепшілік бақылау туралы ережеге сәйкес жоспарлы немесе жедел тексерулер, мониторинг, әкімшілік жұмыстар жүргізу түрінде жүзеге асыру ұсынылады.

Оқу процесін ұйымдастыру мен мектепшілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін білім беру ұйымдарының әкімшілігіне келесі нормативтер ұсынылады (5-кесте).

5-кесте - Білім беру ұйымдарының әкімшілігіне арналған мектепшілік бақылау нормативтері

№	Бақылау нысандары	Нормалар
1	Сабаққа қатысу, бақылау және талдау	Айына кемінде 4 сабақ (білім беру ұйымдарының басшылары үшін). Айына кемінде 8 сабақ (білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары үшін). Сабаққа қатысу бақылау мақсатына байланысты.
2	Қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды тексеру	Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес
3	Электронды сынып журналдарын тексеру	Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес
4	БЖБ және ТЖБ-ның жүргізілуін тексеру	Мектептің бекітілген кестесі бойынша
5	Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы	Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес

Сабақтарға қатысу білім беру ұйымының басшысы бекіткен және педагогтерді аттестаттау, жас педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, оқыту мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік қолдауды жүзеге асыру, мектептің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу мәселелері бойынша мектепшілік бақылауды жүзеге асыру үшін міндетті түрде ашық қолжетімділікте орналастырылған кесте бойынша жүзеге асырылады.

Жоспарлы тексерулер шеңберінде сабақтарға қатысу кестесі оқу жылының басында (қыркүйек) мұғалімдердің назарына жеткізіледі.

Білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау (жабдықтарды пайдалану, оқу бағдарламаларын өту мерзімдері мен табыстылығы, оқу жоспарын, бағдарламалық талаптарды орындау), сонымен қатар неғұрлым біржақты мәселелерді анықтау: педагогтің кәсіби өсуі мен дамуы үшін нақты әдістемелік көмек көрсету, сабақтастық мәселесін зерделеу,



жаңа келген білім алушылардың бейімделуін, сынып климатын, білім алушылар мен ата-аналардың сұраныстары мен мүдделерін, ұжымдағы ашықтық пен толеранттылықты зерделеу мақсатында сабақтарға жоспарланбаған (жеке) түрде қатысуға жол беріледі.

Мұғалімнің рұқсатынсыз (келісімінсіз) оның сабақтары мен сыныптан тыс іс-шараларына мектеп және білім басқармасының басшылары, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) қызметкерлері қатыса алады.

Дәлелді себептер бойынша (мұғалімнің сырқаттануы, эпидемияға байланысты сабақта білім алушылардың көп бөлігінің болмауы және т.б.) мұғалім лауазымды тұлғалардан сабаққа қатысуды басқа уақытқа ауыстыруын сұрауға құқылы.

Білім беру ұйымы әкімшілігінің сабаққа қатысу нәтижелері бақылау парақтарында, сабаққа қатысу журналында тіркеледі.



### **Назар аударыңыз!**

- ✓ *Сабақтарға қатысу мақсаттары білім беру ұйымының мақсаттарына, міндеттеріне және ерекшеліктеріне байланысты анықталады.*
- ✓ *Мектепшілік бақылаудың мақсаттарына байланысты сабақты бақылау парағы әзірленеді*

Сабақтарды бақылау, зерттеу және талдау нәтижелері инклюзивті оқыту процесін жақсартудың, педагогтің кәсіби өсуі мен дамуының, мектеп ұжымында қолайлы психологиялық ахуал, сондай-ақ білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізі болып табылады.

*Сабақтарды бақылау нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің отырыстарында жүйелі түрде талқылануы тиіс.*

Сабақты талдау (ауызша жүргізілуі мүмкін) мыналарды қарастырады:

- педагогтің сабақты өзіндік талдауы;
- сабақтың ұтымды және проблемалық тұстарын бөліп көрсету;
- педагогке ұсыныстар беру.

*Педагогтердің бір-бірінің сабағына жүйелі түрде қатысуы ұсынылады.*

Карантиндік және шектеу шаралары кезеңіндегі оқыту жағдайында мектепшілік бақылау онлайн форматта жүргізіледі.

Электрондық журналдарды тексеру нормаларын тоқсанына 1 рет анықтау ұсынылады.

Педагог дәптерлерді, жазбаша жұмыстарды тексеру нәтижелері бойынша білім алушыға кері байланыс (түсініктеме, орындалған жұмыстағы олқылықтарды түсіндіру және т.б.) ұсынады.

Мұғалімдердің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін әр мектепте «мұғалімдер бөлмесі» болуы керек.

Білім беру ұйымының әкімшілігі білімнің таңдамалы тақырыптық бақылау кесімдерін жүргізуді, білім алушылардың жазбаша жұмыстарын (эссе, диктант, мазмұндама және шығарма) тексеруді жоспарлайды.

Білім беру ұйымының әкімшілігі білімнің таңдаулы тақырыптық бақылау бөлімдерін өткізуді, оқушылардың жазба жұмыстарын (эссе, диктант, презентация және шығарма) тексеруді жоспарлап отыр.

Мектептердің білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі өзара байланысты және өзара шартты элементтерді қамтиды:

1) білім беру сапасын басқарудың ішкі жүйесін жобалау және жоспарлау (орта білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін нормативтік, ұйымдастырушылық, әдістемелік және өзге де құжаттарды әзірлеу және бекіту);

2) оқу-тәрбиелік, ұйымдастырушылық, әдістемелік (қажеттіліктерді зерделеу, ресурстармен қамтамасыз ету, сапаны бақылау және т. б.) процестерді басқару;

3) процестер мониторингі және түзету (сапа көрсеткіштері мен индикаторларына қол жеткізу бойынша бағалау және талдау, мүдделі тараптармен кері байланыс, басқару жүйесіне және Қызметке білім беру қызметтерін көрсету ретінде түзету іс-қимылдарын енгізу). (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығы).



**Назар аударыңыз!**

✓ *БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2022 жылы «Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралын әзірледі. Материалдар [www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz) сайтында қол жетімді*

## **2.9 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет – білім беру ұйымының алқалық органы. Оның негізгі қызметі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық салауаттылығын сақтауға және нығайтуға, білім беру қызметіне қатысушылар арасында қолайлы психологиялық ахуал жасауға, білім алушыларды оқытуда, олардың оқу-танымдық процесін дамыту мен тәрбиелеуде әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған.

Психологиялық қызметтің қызметі білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, кеңес беруге, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге және инклюзивті білім беру ортасы жағдайында қолдауға бағытталған, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық әл-ауқатын сақтауды және нығайтуды көздейді.

Білім беру ұйымындағы психологиялық қызмет Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Психологиялық қызметтің жұмыс істеу тәртібі:

1) бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сондай-ақ білім алушылар

мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдер мен педагогтерден (бұдан әрі - білім беру процесіне қатысушылар) келіп түскен ауызша немесе жазбаша өтініштер (сұрау салулар) талдау арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудағы, дамыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарды анықтау;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жеке немесе топтық әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

3) білім алушылар және тәрбиеленушілермен, педагогтармен және ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимылдың интерактивті нысандарын қоса алғанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды, педагогикалық кеңестер, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру және өткізу;

4) әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық өзара іс-қимылын жүзеге асыру;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің табысты әлеуметтенуі, кәсіби бағыттылығын, бейіндік оқу траекториясы мен жеке білім беру кеңістігін саналы таңдауына жағдай жасауды қамтиды.

## **2.10 ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ**

Педагог бұрын алған кәсіптік құзыреттерін сақтап-тұру және дамыту мақсатында біліктілігін арттыру курстарынан өтеді, олардан өту тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды («Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-б.).

Педагог мемлекет ұсынатын шарттар шеңберінде және өз әлеуеті шегінде мүмкіндіктерді пайдалана отырып, кәсіби тұрғыдан жетілдірілуі қажет.

Қазіргі жүйеде педагогтердің кәсіби дамуы негізінен үш жолмен жүреді:

- біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
- әдіскерлердің көмегімен;
- педагогтің өзін-өзі жетілуі арқылы.

Педагог біліктілік арттыру курсына таңдауда оқытуды ұйымдастырушы ұйымды және курс тақырыбын мұқият зерделеуі маңызды. Талаптарға сәйкес келетін ұйымдар тізімі жаңарып отырғандықтан, біліктілігін арттырғысы келген педагогке білім саласындағы уәкілетті органның сайтынан немесе хабарласу жолымен, ұйымдар тізімін анықтап алу ұсынылады.

Алайда педагогтерге біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу үшін ұйым уәкілетті органның (бұдан әрі – ҚР Оқу-ағарту министрлігі) мақұлдауынан өтуі керек. Басқаша айтқанда, «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы өткізе алады.

Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеушілік, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында мемлекеттік тапсырыс есебінен де, басқа да көздер есебінен де біліктілікті арттыру курстарынан өтуге тең мүмкіндіктерге ие.

Педагогтерге арналған курстың бағдарламасы да уәкілетті орган белгілеген тәртіппен сараптамадан өтеді. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы бойынша «Уәкілетті орган Сараптамалық кеңеспен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастырады» (16-тармақ).

Біліктілігін арттырғысы келген педагогке білім саласындағы уәкілетті органның сайтынан немесе хабарласу жолымен, қандай курстардың білім беру бағдарламаларының тізілімінде бар екенін біліп алу маңызды.

Педагогтің мемлекет қолдауымен кәсіби біліктігін арттыруының екінші жолы әдіскерлердің көмегімен жүреді. Әрбір білім басқармасының және білім бөлімінің құрылымында әдістемелік кабинет (орталық) бар. «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес «Әдістемелік кабинет – білім беруді басқару органдарының білім беру процесінің ұйымдастырушылық-әдістемелік қамсыздандырылуын, нәтижелілігін талдау мен бағалауды, педагогтердің шығармашылық өсуіне және олардың кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруіне жәрдемдесетін инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау мен таратуды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі» (1-бап, 3-1). Әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерлерінің міндеті педагогтердің шығармашылық өсуіне және олардың кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруіне көмектесу болып табылады. Сондықтан педагогтер білім саласындағы соңғы өзгерістерді білу, жаңа оқу жылын ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы ақпарат алу, шығармашылық өсуіне қажетті кеңестер сұрау үшін әдістемелік кабинеттегі (орталықтағы) пән әдіскеріне жүгінуі керек.

Кез келген мамандық өкілі сияқты педагогтер үшін де қосымша іздену арқылы өзін-өзі дамыту өзекті. Педагог білім сапасына оң ықпал ететін соңғы әдістемелермен, технологиялармен, жаңалықтармен танысуы және оларды ендіруі маңызды. Сол себепті педагогтің кәсіби даму тұрғысынан өз саласына қатысты ғылыми және мерзімді баспасөз құралдарын тұрақты оқуы, білім саласына қатысты мәселелер талқыланатын конференциялар мен шараларға қатысуы қажет. Сондай-ақ, пән бойынша әдістемелік бірлестігінің жұмысына белсенділік танытқан дұрыс. Әдістемелік бірлестік отырысында өзінің үздік практикасымен бөлісіп, әріптестерінің тәжірибе бойынша пікірін ескеру өте маңызды. Сонымен қатар, біліктілігі жоғары педагогтің зерттеушілер мен басқа әріптестері ұсынған жаңалықтарды пассивті тұтынушы болумен шектелмей, өзінің де зерттеушілік, эксперименттік, инновациялық қызметті жүзеге асыруы шарт. Зерттеушілік, эксперименттік, инновациялық қызмет ұзақ уақытты, энергияны және асқан мұқияттылықты талап ететін процесс. Мұндай күрделі процесті іске асыру жеке тұлғадан көп ресурс қажет етеді. Педагогтердің мұндай қызметі өзге әріптестерімен, жоғары оқу орындарындағы зерттеушілермен,

басқа да қызығушылық танытқан тараптармен бірлесіп іске асыруы тиімді болмақ.

Педагогтің инновациялық қызметінің нәтижелілігін, сапалылығын бағалау үшін ол талқылаудан, сыннан өтуі тиіс. Бұл көп жағдайда конференцияларда/симпозиумдарда баяндама жасау, ғылыми басылымдарда мақала жариялау және конкурстарға қатысу арқылы жүреді. Педагогтің өз тәжірибесін немесе жетістігін әріптестерінің талқысына ұсыну үшін ғылыми-педагогикалық бағыттағы басылымдарды, конференциялар мен семинарларды таңдау ұсынылады. Өз жаңалығын өзге әріптестерінің талқылауына ұсынғысы келген педагог конференцияны, конкурсты, басылымды таңдау барысында назар аударуы тиіс критерийлер төменде берілген.

Журнал таңдау барысында зерттеуші ол басылымның өз саласына, бағытына сәйкестігіне назар аударғаны жөн. Бұл тұста, басылымды немесе конференцияны таңдауда оның педагогтер арасында танымалдылығы, тұрақты түрде жариялануы (өткізілуі), жарияланып (өткізіліп) келе жатқан жылының ұзақтығы, осыған дейін жарияланған мақалалардың сапасы, мақалаға жасырын рецензия жүргізетіндігі, тираж саны т.б. критерийлерге назар аудару маңызды. Мүмкін болған жағдайда Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесі» ішіне енген басылымдарға мақала жариялау маңызды. Бұл басылымдар тізбесін уәкілетті органның сайтынан алуға болады.

### **Орта білім беру саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау және озық педагогикалық тәжірибемен алмасу**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Білім» (ғылыми-педагогикалық) және «Алтынсарин Академиясының хабаршысы» (әдістемелік) атты екі журнал шығарады.

«Білім» журналында орта білім берудегі ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижелері жарияланады.

*Журналдың тақырыптық бағыты:*

1) білім беру үдерісіндегі білім беру саясаты, инновациялар және цифрландыру;

2) орта білім берудегі менеджмент

3) пәндерді оқыту әдістемесі;

4) тәрбие теориясы мен практикасы;

5) білім беру жүйесіндегі психология мәселелері;

6) арнайы және инклюзивті білім беру;

7) үздіксіз педагогикалық білім беру.

Журналдың редакциялық саясатымен, жарияланым этикасымен, жариялау мерзімімен және ғылыми мақалаларды жариялауға қойылатын талаптармен толығырақ журнал сайтынан танысуға болады: <https://bilim-uba.kz/>

«Алтынсарин Академиясының хабаршысы» журналында білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-эксперименттік, ақпараттық-талдамалық,



педагогикалық инновациялық тәжірибені тарату бойынша материалдар жарияланады.

*Журналдың тақырыптық бағыты:*

1) білім берудегі инновациялық және педагогикалық, сандық технологиялар;

2) үздік тәжірибе шеберханасы және әдістемелік қызмет;

3) бастауыш білім берудің теориясы мен практикасы;

4) жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқыту әдістемесі;

5) қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндерді оқыту әдістемесі;

6) техникалық және кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері;

7) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет және тәрбие үрдісін ұйымдастыру;

8) арнайы және инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы.

Мақалаларды жариялауға қойылатын талаптармен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://uba.edu.kz/qaz/nauka/10>.

## **2.11 АУЫЛДЫҚ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ**

Ауылдық шағын жинақты мектептер ерекше назар аударуды және проблемаларды шешуде қалыпты емес көзқарасты қажет етеді.

Білім берудің жаңаша бағыты педагогтердің алдына білім алушылардың белсенділігін арттыруға ықпал ететін заманауи білім беру технологияларын іздеу міндетін қояды және білім алушыны объект ретінде емес, субъект ретінде қарауды ұсынылады.

Ауылдық шағын жинақты мектепті дамытудың жаңа деңгейіне қол жеткізу: мектептерді сапалы интернетпен, цифрлық оқу жабдықтарымен қамтамасыз ету, электрондық оқулықтар мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, әртүрлі онлайн білім беру платформалары арқылы цифрлық білім беру кеңістігінде жұмыс істеу үшін тірек және ауылдық шағын жинақты мектептердің педагогтері мен білім алушыларын даярлау сынды **кешенді тәсілді талап етеді**.

Қолда бар статистикалық деректерді, халықаралық тәжірибені, сондай-ақ зерттеу нәтижелеріндегі талдауды ескере отырып, қазіргі уақытта келесідей жобаларды іске асыру арқылы шағын жинақты мектеп проблемаларын кешенді шешу мүмкіндігі көзделіп отыр. Оларға:

**1) Солтүстік Қазақстан облысындағы ауылдық және шағын жинақты мектептерінің педагогтері мен білім алушыларын қолдау бойынша «Microsoft» компаниясымен бірлескен жоба (2023 жылғы қаңтардан басталды).**

Аталған жобаны пилоттық режимде іске асыру бағытында 7 тірек, 18 магнитті, барлығы 25 мектеп анықталды. «Microsoft» компаниясы «Математика», «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Тарих», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша 107 педагог және педагогтерге техникалық қолдау көрсететін 10 IT-маманды оқытуды ұйымдастырды. Барлық



педагогтер мен білім алушылар үшін есептік жазбалар жасалды, пилоттық мектептерге оқу процесінде «Microsoft» өнімдерін пайдалануға лицензиялар бере отырып, верификация рәсімі жүргізілді, пилоттық мектептерде «Microsoft 365 А3» платформасы орнатылды. Академия жоспарлы түрде педагогтерді қолдау бойынша іс-шараларды ұйымдастырып келеді. Онда: педагогтердің кәсіби қиындықтары мәселелері бойынша кеңестер беріліп, онлайн-сессиялар; білім беру процесінде «Microsoft 365А3» платформасының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша педагогтер мен білім алушыларға арналған нұсқаулықтар әзірленді. Алдағы уақытта жобаны барлық өңірдің шағын жинақты мектептеріне масштабтау жоспарланған.

**2) Ақтөбе облысының ауылдық шағын жинақты мектептерінде жекелеген пәндерді қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша «Цифрлық технологияларды пайдаланып Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы.**

Аталған жобаны іске асыру үшін Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органдар тарапынан жылдам интернетке қосылған және цифрлық оқу жабдықтарымен жабдықталған 10 жетекші және 120 шағын жинақты мектеп анықталды.

Қашықтан оқыту 5-11-сыныптарда 5 пән бойынша: «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша жүргізіледі. Жоба аясында облыстың 35 білікті педагогі 10 575 білім алушыға виртуалды сабақ өткізді.

**3) 2023-2024 оқу жылынан бастап шағын жинақты мектептерде жекелеген пәндерді онлайн оқытуда білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталған «Ауылдық шағын жинақты мектептерде сапалы білім беруді қолжетімділігін қамтамасыз ету» жобасы кезең-кезеңімен 5 облыста (Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында) пилоттық режимде іске асыру жоспарланып отыр.**

Аталған жобалар цифрлық білім беру технологияларын, электрондық ақпараттық білім беру ортасын, цифрлық білім беру контентін, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, білім алушылардың тұратын жеріне қарамастан білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған технологиялық құралдарды пайдалана отырып, шарттар жиынтығын білдіреді.

Жоғарыда аталған жобаларды іске асырудың мақсаты – ауылдық шағын жинақты мектептердің білім алушылары үшін сапалы білімді қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Жобалар туралы толық ақпаратты Академия сайтында алуға болады [www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz)

## **2.12 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Террористік тұрғыдан осал объектілерді білім беру және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын инженерлік-техникалық жабдықтармен жарактандыруға қойылатын талаптарға сәйкес білім алушылардың білім беру

ұйымдарында қауіпсіз болуын қамтамасыз ету қажет («Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығының» 6-тарауы).  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>

Терроризм актісін жасаудың ықтимал салдарларын ескере отырып, объектілердің мынадай топтары белгіленеді:

1) бірінші топтағы білім беру объектілері – персонал және білім алушылар (тәрбиеленушілер) саны 300 адамға дейінгі білім объектілері;

2) екінші топтағы білім беру объектілері – білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және персоналдың нақты саны 300-ден 700-ге дейін, сондай-ақ, кенттер мен ауылдық елді мекендерде орналасқан 700-ге дейін толықтырылған білім беру объектілері;

3) үшінші топтағы білім беру объектілері – білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және персоналдың нақты саны 700 адамнан асатын, сондай-ақ, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан (білім беру объектілерінің толықтырылуына қарамастан) білім беру объектілері.

Бірінші топтың объектілері міндетті түрде бейнебақылау жүйесімен және хабардар ету жүйесімен жарактандырылады.

Екінші топтың объектілері 78-тармақта көзделген техникалық жарактандыруға қосымша аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне не күзет қызметі субъектілерінің орталықтандырылған бақылау пультіне бейне-бейнені полицияның жедел басқару орталықтарына не аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне бере отырып, дабыл беру құралымен (дабыл түймесі), бейнебақылау жүйесімен жаракталады.

Үшінші топтың объектілері осы тараудың 78 және 79-тармақтарында көзделген қосымша техникалық жабдықтау, техникалық бақылау және басқару жүйелерімен (турникеттер, лицензияланған күзет ұйымы) жаракталады.

Турникет құрылғыны қолмен және автоматты және (немесе) қашықтықтан ашу және блоктау тәсілін қамтамасыз етеді.

Бейнебақылау жүйесі объектідегі жағдайға бақылау жүргізу, сондай-ақ санкцияланбаған кіру фактісін көзбен шолып растау мақсатында, жағдайды бағалау және құқық бұзушылардың іс-әрекеттерін тіркеу үшін белгіленеді.

### **2.13 КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ**

Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан мектептерде оқушыларға ерте

кәсіптік бағдар беру мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің кәсіптік бағдар беру қызметі бойынша өкілеттіктері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің, одан бұрын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтарымен белгіленеді. Осылайша, «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Министрдің 2022 жылғы 31 наурыздағы №221 бұйрығымен кәсіптік бағдар педагогы лауазымы енгізілді.

Орта білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысын дамыту Қазақстан Республикасында кәсіптік бағдар беру проблемаларын шешуге бағытталған мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

1) ерте кәсіптік бағдар беру элементтерін бастауыш мектеп пәндерінен бастап жоғары сыныптарда әр пәннің оқу мақсаттарына енгізу;

2) білім алушыларды саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, олардың үйлесімді дамуының міндетті бөлігі болуы, жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне сәйкес келуі және білім алушының дене, эмоционалдық, интеллектуалдық, еңбек, эстетикалық тәрбиесімен тығыз байланысты болуы, бүкіл оқу-тәрбие процесіне кіріктірілуі тиіс;

3) орта білім ұйымы бағдарламасына 9-сынып үшін «Жұмыс тәжірибесі» кәсіби тәжірибе апталығын енгізу;

4) әр өңірдің ерекшеліктеріне сәйкес оқу өндірістік шеберханаларының жұмысын жандандыру;

5) мектеп-колледж-ЖОО арасында байланысты күшейту;

6) кәсіби бағдарлауды ақпараттық тұрғыдан қолдау.

Елімізді өркендететін бәсекеге қабілетті маман қалыптастыруда шығармашылық және инновациялық ойлауды ынталандыруға бағытталған білім беру шешуші рөл атқарады, оны жеке деңгейде де, сол сияқты қоғам деңгейінде де тарату маңызды. Осыған орай нағыз кәсіби маман болу үшін қажетті жеке қасиеттерді, мінез-құлықты, дағдылар мен құзыреттерді көтермелейтін және дамытатын білім және тәрбие жүйесі құрайды. Білім алушыларды мамандыққа дайындауда еңбекке баулу, патриотизм, салауатты өмір салты, мейірімділік және т.б. құндылықтарды қалыптастыру негізінде мақсатты тәрбие жұмысын жүргізу қажет.

Кәсіби бағдарлау жаңа мамандықтар Атласында көрсетілгендей тұтастай экономиканың өзгеруіне әсер ететін трендке негізделуі тиіс.

Мектеп түлектерінің кәсіби бағдар бойынша базалық құзыреттері: Жүйелік ойлау; Салааралық коммуникация дағдылары; Процестер мен жобаларды басқару мүмкіндігі; Бағдарламалау / Робототехника / Жасанды интеллект; Көптілділік; Экологиялық ойлау және үнемді өндіріс; Клиенттерге бағдарлану және шығармашылық құзыреттіліктер қалыптасуы қажет.

Еңбекке қабілетті, өз күшіне сенімді жастардың ауқымды базасын құру үшін мектепке дейінгі және мектептегі білім беру саясаты және оны іске асыру қазақстандық жастардың функционалдық сауаттылық дағдыларын нығайтуға бағытталуы тиіс.

Бұл модульді орта білім беру ұйымдарында жүзеге асыру келесі ұйымдастырушылық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік мәселелерді

шешуді талап етеді:

- әртүрлі жас топтарының оқушылары үшін кәсіптік бағдарлау жобаларының мазмұндық тақырыбының пилоттық (эксперименттік) алаңдар базасында әзірлеу және байқаудан өткізу;
- кәсіптік бағдарлау жобаларын жалпы білім беру бағдарламаларына интеграциялау моделін әзірлеу (оның ішінде қосымша білім беру ұйымдарының қатысуымен желілік ынтымақтастықты іске асыру арқылы) және үлгілік нормативтік-құқықтық актілерді (жергілікті, желілік) әзірлеу;
- модуль шеңберінде жұмысқа тартылатын мектеп педагогтерінің біліктілігін жаппай арттыруды ұйымдастыру;
- пилоттық (эксперименттік) алаңдардың жұмыс нәтижелерін бұқаралық мектептерінің жұмысына тарату.

## **2.14 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕ БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

2023-2024 оқу жылындағы балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері жалпы орта және қосымша білім беруді неғұрлым тығыз интеграциялау қажеттілігіне байланысты.

Мектеп сабағында оқытуды ұйымдастыру барысында қосымша білім беру жүйесіне қатысты технологияларды қолдануға болады. Бұлар – кешенді сабақтар, оқу жобалары, пікірталас технологиялары, ойындар. Оларды педагогтің басшылығымен білім алушылардың өзіндік жеке және топтық іс-әрекеттерін қамтамасыз ете отырып, сабақтың шеңберінен тыс жүргізуді көздейді.

Мектеп жұмысының тәжірибесінде әртүрлі ұйымдастырушылық модельдерді қолдануға болады. Олар:

- үйірмелердің, секциялардың, клубтардың түрлері, олардың жұмысы бір-бірімен аз үйлесімді және қолда бар кадрлық және материалдық жағдайлармен толықтай байланысты;
- балалардың шығармашылық ұжымдары мен бірлестіктері жұмысының ішкі үйлестігі, олардың іс-әрекеттерінің әртүрлі бағытта болуы;
- балаларға қосымша білім беруді мектептің жеке бөлімшесі ретінде дамыту;
- мектептің негізгі құрылымдарының ұйымдастырушылық және мазмұндық бірлігі ретінде балаларға негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау.

Мектепте қосымша білім беру келесі кезеңдерді жүзеге асыру процесінде ұйымдастырылуы керек:

1. Білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын зерттеу. Жазбаша тестілеу, білім алушылар мен ата-аналарға сауалдар қою, сауалнама жүргізу, бастауыш, орта және жоғары мектепті аяқтау кезеңінде балалардың білім сапасына мониторинг жүргізу арқылы деректер жинауға болады.

2. Білім алушыларды қызығушылығына қарай топтарға біріктіру, секциялар мен үйірмелер құру сауалнама нәтижелері бойынша жүзеге

асырылады. Бұл кезеңде сыныптан тыс оқытудың негізгі бағыттарын ажыратып көрсету қажет.

Іс-шаралар әлеуетті қатысушылардың санына және белгілі бір тақырып бойынша білімге мұқтаж адамдарға негізделуі керек.

Үйірмелер мен секциялардың сабақтарын ұйымдастыру нысандары мынадай талаптарға сай болуы тиіс: дамытушылық сипатқа ие болу, дәлірек айтсақ, білім алушылардың табиғи бейімділігі мен қызығушылықтарын дамытуға бағытталуы, мазмұны мен жүргізу сипаты бойынша әртүрлі болуы, әртүрлі қосымша әдістерге негізделуі.

Жалпы білім беретін мектепте қосымша білім беру блогының жұмысы жылдық және басқа да жоспарлар, білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін мектептің қосымша білім беру блогындағы оқу жылы ағымдағы оқу жылының 15 қыркүйегінде басталып, 25 мамырында аяқталады. Білім алушыларды бірлестіктерге қабылдау бағдарламаны игеру үшін көзделген мерзімде жүзеге асырылады.

Жазғы демалыс кезінде білім беру процесі жеке жоспар бойынша жорықтар, жиындар, пленэрлер, экспедициялар, әртүрлі бағыттағы лагерьлер және т.б. түрінде жалғасуы мүмкін. Жазғы кезеңге арналған кестені әкімшілік мұғалімнің ұсынысы бойынша білім алушылардың ең қолайлы еңбек және демалыс режимін ескере отырып белгілейді.

Сабақтардың ұзақтығы және олардың апталық саны педагогтің қосымша білім беруге арналған білім беру бағдарламасымен, сондай-ақ балалардың мектептегі жұмыс режиміне қойылатын талаптармен анықталады.

Қосымша ресурстарды, интернет-ресурстарды пайдалану және мектеп білім алушылары бірлестігінің бейіні бойынша ақпаратты табу, өңдеу қабілетін қалыптастыру ұсынылады. Компьютерлік техниканы қолдана отырып сабақ өткізу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар сақталуы керек.

2023/2024 оқу жылында мектепшілік, аудандық (қалалық) және облыстық деңгейлерде республикалық маңызы бар 13 жобаны іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Білім алушылармен техникалық шығармашылық және конструкция бойынша жұмысты жандандыру үшін техникалық шығармашылық және өнертабыс жарыстары (авиа, зымыран, авто, және кеме модельдеу) және «Ұлы өнертабысқа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауы өткізіледі.

«Менің отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтары слеті, жас өлкетанушылар, экологтар және натуралистердің «Табиғатты аяла» форумы, «Кәсіптер әлемін ашамыз» форумы балалар мен жастардың патриоттық сезімін және азаматтығын тәрбиелеуге, туристік қызметті жандандыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттауға, экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге, білім алушылардың кәсіптерді зерделеуге шығармашылық көзқарасын жандандыруға бағытталған еңбек нарығында сұранысқа ие және болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін қажетті.

Театр бірлестіктерінің білім алушыларымен жұмыста театрландырылған қойылым түрлерін – монтаждау барысында әдебиет пен өнердің түрлері мен жанрлары біріктірілген бірыңғай авторлық мақсатта біріктірілген сахналық эстрадалық-театрлық жұмыстарды қолданған жөн. Театрландырылған қойылым тарихи және мәдени күндерге, әлеуметтік оқиғаларға, ақындардың, суретшілердің, театрдың танымал қайраткерлерінің шығармашылығына арналуы мүмкін.

Білім алушылардың «Театрдың ғажайық әлемі» театр өнерінің фестиваль-конкурсына қатысуы балалар мен жастар театры шығармашылығын өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиесінің факторы, тұлғаның үйлесімді дамуы, өзін-өзі көрсетуге, әлемді эстетикалық және бейнелі түсінуге бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту факторы ретінде қолдауға және дамытуға ықпал етеді.

«Балалар мен театр» ағартушылық жобасы аясында білім алушылар жас ұрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру ресурсы, тұлғаны әлеуметтендірудің, көркемдік талғамды қалыптастырудың қуатты құралы, эстетикалық дамыған, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу тетігі болып табылатын театрларға барады.

Қазақстандық патриотизмді, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту үшін мектепте өзін-өзі басқару және пікірталас қозғалысы бойынша жобалар іске асырылуда.

Белсенділер клубтары мен мектептерінің жұмысын ұйымдастыру, білім алушылардың ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу ұсынылады. Білім беру ұйымдарының сайттарында мектептің өзін-өзі басқару органдары мен пікірсайыс клубтарының қызметі көрсетілетін тақырыптық бөлім құру қажет.

Білім алушыларды әлеуметтік маңызы бар қызметке тартуға және олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға елдегі қоғамдық маңызы бар оқиғаларға, мемлекеттік мерекелерге, мерейтойлық және атаулы күндерге арналған іс-шараларға қатысу, сондай-ақ тұрақты даму мақсаттарын насихаттау, балалар мен жастар ұйымдарының әлеуетін пайдалану ықпал ететін болады.

Мектеп Парламентінің қатысушылары арасында челленджер өткізу ұсынылады: «Алтын жүрек»; «Мобильді көзқарас: менің жаздағы бір күнім»; «Мектеп парламентінің өмірінен бір күн» және т.б.

Мектеп парламенттері, мектептегі пікірталас қозғалысы туралы ақпарат ҚР Оқу-ағарту министрлігі Қосымша білім берудің республикалық оқу-әдістемелік орталығының [ziyatker.org](http://ziyatker.org) сайтында, «Мен пікірсайысшымын» Телеграм каналында, [Rumcdo\\_debate\\_bot](https://t.me/Rumcdo_debate_bot) Телеграм каналында орналастырылған.

Наурызды мерекелеу аясында жыл сайын республиканың барлық білім беру ұйымдарында 10-20 наурыз аралығында түрлі іс-шаралар өткізіледі, оның ішінде барлық мектептерде Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», «Сарыарқа» және т.б. күйлері бір уақытта орындалады.

Жалпы білім беретін мектептер ұлттық мерекелер, халықтық салт-дәстүрлер негізінде балаларды рухани-адамгершілік бағытта тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруы керек.



Қазақстандық патриотизмді, ұлттық бірегейлікті, әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыруға, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулуға «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасы ықпал етеді.

Жоба елдің зияткерлік байлығы ғана емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтардың, халықтардың мәдени және адамгершілік дәстүрлерінің орасан зор қоры болып табылатын ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған. Жоба аясында әр тоқсанда бір-бірден 4 іс-шара анықталды. Бұлар: «Ақындар айтысы» поэтикалық сайысы; «Алтын сақа» олимпиадасы; «Ұлттық өнер» көрмесі; «Туған өлкем» фестивалі.

Бірінші тоқсанда Республика күнін мерекелеуге арналған «Ақындар айтысын» өткізу жоспарлануда. Айтыстың ұсынылатын тақырыптары: «Жаңа күн – жаңа Қазақстан», «Туған жерім – мақтанышым», «Тілім – тұмарым», «Тәуелсіздігім – тұғырым», «Топырақ жыр – торқа жыр», «Көк тудың желбірегені...» және т. б.

Екінші тоқсанда Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Алтын сақа» олимпиадасы өтеді.

Үшінші тоқсанда Наурыз мерекесі аясында әрбір білім беру ұйымында «Ұлттық өнер» көрмесін ұйымдастыру ұсынылады. Тоқыма бұйымдарын жасау сияқты номинациялар ұсынылады: гобелен, кесте, бисер, батик, киіз басу, патч-пластик; ұлттық ою-өрнек элементтері бар халықтық киім үлгісін жасау және т.б.

Төртінші тоқсанда «Туған өлкем» фестивалін өткізу ұсынылады. Фестиваль аясында өлкетану жобаларының конкурсы өткізіледі. Қатысушыларға көмектесу үшін өлкетану жобаларының үлгі тақырыптары ұсынылады. Мысалы, «Zhasyl El», «Туған жердің бояулары» - бұл электронды экологиялық карта. Бұл номинацияда кез келген графикалық редактордың (фотосуреттер, картиналар, портреттер, суреттер, коллаждар және т.б.) көмегімен дербес орындалған сурет ұсынылады.

«Eko-Bolashak» – абаттандыру, көгалдандыру бойынша атқарылған экологиялық жұмыстар, өткізілген экологиялық акциялар, жылыжайлардың, мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскелердің, мектеп орманшылықтарының, экологиялық патрульдердің жұмысы туралы бейнероликтің тұсаукесері.

«Жас өлкетанушы» – халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен өнері – туған өлкенің мәдениеті, әдебиеті, өнері, халық шығармашылығы, тарихи, археологиялық және этнографиялық ескерткіштерді зерделеуге және қорғауға қатысу; халық ауыз шығармашылығының бай мұрасы, республикада тұратын халықтардың салт-дәстүрлері; мектеп мұражайларын ашу; тұрмыстық заттарды жасау, киімдер тігу, ұлттық тағамдар әзірлеу және басқалар. «Туған өлкем» фестивалі де оқушылардың туған өлкесін зерттеуге деген қызығушылығын арттыруға арналған.

## **2.15 АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДЕ/СЫНЫПТАРДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ**

**Арнайы мектептерде / сыныптарда оқыту білім алушылардың дамуындағы бұзылудың түрлері бойынша ұйымдастырылады:**

- есту қабілеті бұзылған балаларға арналған;
- көру қабілеті бұзылған балаларға арналған;
- сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған;
- тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған;
- психикалық дамуы тежелген балаларға арналған (бұдан әрі-ПДТ);
- зияты бұзылған балаларға арналған (зиятының жеңіл және орташа бұзылыстары).

Білім алушыларды арнайы мектептерге/сыныптарға қабылдау «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес ата-аналарының (занды өкілдерінің) келісімімен ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Сыныптардың толымдылығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен реттеледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген).

Білім алушыларды арнайы мектептен / сыныптан басқа білім беру ұйымына ауыстыру растайтын құжаттар негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арнайы жағдайлар жасау үшін мектеп педагогтары мен мамандары бағалауды жүзеге асырады.

Оқу жылының ұзақтығы «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес белгіленеді.

Есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеуі ауыр бұзылған, психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған типтік оқу жоспарларының инвариантты бөлігінің жалпы білім беретін пәндерінің тізбесі және олардың негізгі мазмұны ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді.

Оқыту білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ ұзақ оқу мерзімдерін ескере отырып, бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары негізінде әзірленген арнайы оқу бағдарламаларын (бағдарламалар Академияның [www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz) сайтында орналастырылған) пайдаланумен жүзеге асырылады.

Типтік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары негізінде педагогикалық кеңесте талқыланатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары әзірленеді. Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес типтік оқу

жоспарының инвариантты бөлігінің оқу пәндері арасында сағаттың 20% - на дейін қайта бөлуге мүмкіндік беріледі.

Қажет болған жағдайда оқушылардың жеке ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу жүзеге асырылады.

Оқу үдерісінде арнайы оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК), сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер үшін ОӘК қолданылады.

Зағип балаларды оқыту Брайль шрифтімен шығарылған жалпы білім беретін мектепке арналған оқулықтар бойынша жүзеге асырылады. Нашар көретін білім алушыларды оқыту үлкейтілген қаріпті пайдалана отырып шығарылған жалпы білім беретін мектепке арналған оқулықтар бойынша оқытылады.

Екінші (қазақ немесе орыс) және үшінші (шет) тілдерді оқыту білім алушылардың тілдік дамуының деңгейін ескере отырып жүзеге асырылады, оқу мазмұнын, әдістерін және жетістіктерді бағалау соған бейімделеді.

Есту, көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған арнайы мектептерде зияты төмен (жеңіл және орташа) білім алушылар анықталған кезде 4-6 білім алушыдан құралған арнайы сыныптар ашылады. Білім алушыларды оқыту зияты төмен білім алушылар үшін үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентіне сәйкес және ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарына сәйкес зияты төмен білім алушылар үшін Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған жеке оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Зияты төмен білім алушыларға арналған типтік оқу жоспары, оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұны ҚР МЖМБС мазмұнын жүзеге асырмайды. Оқу үдерісі зиятының жеңіл және орташа төмендігі бар білім алушылар үшін Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес, арнайы оқулықтар мен оқыту әдістемелерін пайдалана отырып, арнайы оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Зияты орташа төмен білім алушыларды оқыту педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жекелеген сыныптарда (II бөлімше) немесе зияты жеңіл бұзылған білім алушылармен (3 оқушыдан аспайтын) бірлесіп ұйымдастырылады.

Зияты орташа төмен білім алушыларды оқыту үлгілік оқу жоспарына сәйкес және зияты орташа төмен білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары негізінде педагог құрастырған жеке оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінде зияты орташа төмен білім алушыларға арналған сыныптардағы оқу үдерісі арнайы құрылған пән арқылы дамытушы ортада пәнсіз оқыту негізінде ұйымдастырылады. Білім алушыларға оқу бөлмесінде еркін жүріп-тұру мүмкіндігі беріледі. Барлық сабақтар біріктірілген және білім алушылардың жалпы дамуына (коммуникативті, моторлы, сөйлеу, сенсорлық) бағытталады. Білім алушылардың жеке дамуының нәтижесіне қарай пәндік оқытуға көшу жүзеге асырылады. Арнайы мектептердің/сыныптардың педагогтері сынып құрамы және білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен

мүмкіндіктерін ескере отырып, дидактикалық, компенсаторлық-дамытушы материалдарды таңдауға құқылы.

Арнайы мектептерде/сыныптарда оқу-тәрбие үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуші мамандар (психолог, логопед, арнайы педагогтар: тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог, ЕДШ нұсқаушысы, әлеуметтік педагог) әрбір білім алушының қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау деректеріне негізделген сараланған және жеке тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырады. Педагогтар мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары білім алушылармен жұмыс жасауда командалық тәсілді қолданады.

Арнайы мектептің/сыныптардың білім алушылары типтік оқу жоспарында (түзету компоненті) бөлінген сағат шеңберінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының арнайы психологиялық-педагогикалық көмегін алады. Түзету компонентінің Типтік оқу бағдарламаларының негізінде білім алушылардың даму ерекшеліктері мен компенсаторлық мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке/кіші/топтық түзету сабақтарын өткізу үшін жеке дамыту бағдарламалары жасалады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен сабақтар арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың барлық түрлерінде міндетті болып табылады. Түзету компонентінің пәндерін оқу жоспарының инвариантты компонентінің пәндерімен ауыстыруға, сондай-ақ осы сағаттардың санын қысқартуға жол берілмейді.

Типтік оқу жоспарларының түзету компонентінің сабақтарын «Дефектология» («Арнайы педагогика») мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және арнайы мектеп түріне сәйкес білім беру бағдарламасы бар педагогтер жүргізеді. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша сабақтарды педагогтер жүргізеді. Түзету компоненті пәндері бойынша білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезінде балдық бағалау пайдаланылмайды. Сабақтар мектептің кеңесі талқылайтын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін кестеге сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында топтармен, кіші топтармен және жеке өткізіледі.

Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты түзету пәндері, жалпы білім беру циклі пәндері шеңберінде, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесінде іске асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі арнайы мектептердің/ сыныптардың жұмысы ұзартылған күн режимінде ұйымдастырылады, бұл бұзылған функцияларды еңсеру және өтеу, қажетті денсаулық сақтау педагогикалық режимін қамтамасыз ету, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасайды. Оқу күн тәртібі білім алушылардың шаршау мүмкіндіктерін ескере отырып белгіленеді: үзілісте демалу үшін жеткілікті уақытымен бірінші ауысымда оқыту жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен бірлесіп, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес үйде жеке тегін оқытудың типтік оқу жоспарының бөлінген сағаттары шегінде пәндер арасында сағаттарды бөледі. Емдеуші дәрігердің келісімі

бойынша білім алушылардың мектепте сабақтарға және жекелеген сабақтарға қатысуы көзделеді.

### **Бастауыш білім беру деңгейі**

Арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептермен бірлесе отырып білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін, сондай-ақ оқытудың арнайы жағдайларын жасай отырып, қалпы бұзылған қызметтерді атқару міндеттерін қарастырады, оларға мыналар жатады:

1) бастауыш білім беру деңгейінде оқудың ұзартылған (ұлғайтылған) мерзімдері-5 жыл (0-4 сыныптар);

2) арнайы оқу жоспарлары және арнайы оқу бағдарламалары;

3) оқытудың арнайы әдістері, тәсілдері мен құралдары;

3) техникалық және компенсаторлық құралдар;

4) тіршілік ортасы;

5) арнайы дайындалған педагогтер;

6) психологиялық-педагогикалық көмек (логопедтер, арнайы педагогтер: сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар, ЕДШ нұсқаушылары);

7) даму кемшіліктерінің орнын толтыруды, әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу жоспарының арнайы пәндері;

8) медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтер;

9) жеңілдетілген педагогикалық режим (ұзартылған күнмен бірінші ауысымда оқыту).

Арнайы мектептерде /сыныптарда бастауыш білім беру деңгейінде оқу ұзақтығы 0 сынып есебінен білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін, оқытудың баяу қарқынын, мектепке дейінгі жаста туындаған даму және оқыту олқылықтарының орнын толтыруды қамтамасыз ететін жалпы білім беретін пәндерге пропедевтикалық және компенсаторлық-дамытушы бөлімдерді енгізу қажеттілігін ескере отырып, 1 жылға ұлғайтылды.

### **Негізгі орта білім деңгейі**

Негізгі орта білім беру деңгейінде арнайы мектептер/сыныптар жалпы білім беретін мектептермен ортақ білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін, сондай-ақ бұзылған функцияларды өтеу, өмірлік дағдыларды қалыптастыру, кәсіптік бағдарлау, арнайы оқу жағдайларын жасай отырып, бастапқы кәсіптік даярлау міндеттерін шешеді, оларға мыналар жатады:

1) негізгі орта білім беру деңгейінде ұзартылған (ұлғайтылған) оқу мерзімдері-6 жыл (5-10 сыныптар);

2) арнайы оқу жоспарлары және арнайы оқу бағдарламалары;

3) оқытудың арнайы әдістері, тәсілдері мен құралдары;

4) техникалық және компенсаторлық құралдар;

5) тіршілік ортасы;

6) арнайы дайындалған педагогтер;

7) психологиялық-педагогикалық көмек (логопедтер, арнайы педагогтер: сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар, ЕДШ нұсқаушылары);

8) даму кемшіліктерінің орнын толтыруды, әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу жоспарының арнайы пәндері;

9) медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтер.

Арнайы мектептерде /сыныптарда негізгі орта білім беру деңгейінде оқу ұзақтығы білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін, оқытудың баяу қарқынын, оқу бағдарламаларының мазмұнын толық меңгеруге ықпал ететін пропедевтикалық және компенсаторлық-дамытушы бөлімдерді жалпы білім беретін пәндерге енгізу қажеттілігін ескере отырып, 10 сынып есебінен 1 жылға ұлғайтылды.

Еңбекке баулу жұмысшы кадрларға қажеттілікке бағдарланған өңірлік, жергілікті жағдайларға сүйене отырып және психологиялық-физикалық дамудың жеке ерекшеліктерін, денсаулығын, мүмкіндіктерін, сондай-ақ тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе еңбек бейінін таңдау негізінде өзге де заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып ұйымдастырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін еңбекке баулу бейіндері бойынша типтік оқу бағдарламалары білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, мектеп педагогтері құрастырған және мектептің педагогикалық кеңесі бекіткен бағдарламаларды пайдаланылады. Кәсіптік – еңбекке оқыту (жалпы еңбек даярлығы), әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, шаруашылық еңбек, қолөнер сабақтары үшін сыныптар екі топқа бөлінеді. Еңбек түрлері бойынша топтарды жинақтау білім алушылардың психофизикалық жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дәрігердің ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады. Білім алушыларды параллель және сабақтас сыныптардың кіші топтарына біріктіруге болады.

10-сыныпта зияты төмендеген білім алушыларды оқыту тереңдетілген кәсіптік-еңбек даярлығы үшін арнайы жағдайлар жасай отырып ұйымдастырылады. Мектепте оқу кәсіптік-еңбек даярлығы бойынша емтихан тапсырумен аяқталады. Білім алушылар белгіленген тәртіппен бітіру емтихандарынан босатылуы мүмкін. Ақыл-ойы орташа бұзылған білім алушылардың еңбек даярлығы пәндері бойынша бітіру емтиханы тапсырылмайды.

Есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеуі ауыр бұзылған, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектептердің түлектері алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі аттестат алады. Негізгі мектеп курсы үшін жалпы білім беру бағдарламаларын сәтті меңгерген білім алушылар жалпы орта білім және кәсіп алу мақсатында кәсіптік колледждерде, кешкі мектепте оқуын жалғастырады.

Зиятында жеңіл және орташа төмендігі бар түлектер осы санаттағы білім алушылар үшін белгіленген үлгідегі аттестат алады. Зияты төмен білім алушылар екінші жылға (қайта оқыту) қалдырылмайды.

### **Жалпы орта білім деңгейі**

**Арнайы мектептер/сыныптар жағдайында** 11-12 сыныптарда көру, есту қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылар **жалпы орта**



**білім алады.** Бейіндік оқыту екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық. Бір немесе екі бағытты таңдау білім алушылардың қажеттіліктері мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып жүзеге асырылады. Білім беру үдерісінің компенсаторлық-дамытушылық бағыты жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтарда қамтамасыз етіледі; Типтік оқу жоспарының түзету компонентінің сағат көлеміне сәйкес психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен сабақтар өткізіледі.

Сабақтар топтық және жеке нысандарда өткізіледі:

1) көру қабілеті бұзылған оқушылар үшін:

- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау (ӨТБ);
- кеңістіктік бағдарлау;
- мимика мен пантомимиканы дамыту.

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылар үшін:

- емдік дене шынықтыру;
- әлеуметтік-тұрмыстық бағдар;

3) есту қабілеті бұзылған оқушылар үшін:

- айтылымды қалыптастыру және есту қабілетін дамыту;
- ауызекі және күнделікті сөйлеуді дамыту;
- қимылмен сөйлеуді үйрену.

Түзету компонентінің сабақтарына сағаттарды бөлу мектептің педагогикалық кеңесінің қалауы бойынша жүргізіледі.

### **Арнайы мектеп/сынып оқушыларын бағалау жүйесі**

Арнайы мектептер білім беру мазмұнының ерекшеліктері мен оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, оқушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау мен аралық аттестаттауды жүргізудің нысандарын, тәртібі мен кезеңдерін дербес айқындайды. Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау кезінде оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесі қолданылады. Формативті бағалау үрдісінде мұғалім оқушылардың оқу материалын игерудегі қиындықтарын анықтайды және оларды жеңу жолдарын белгілейді. Оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерін бағалау кезінде арнайы оқу бағдарламаларында немесе әр оқушының жеке оқу бағдарламаларында ұсынылған оқу мақсаттарына назар аудару қажет. Мұғалім сараланған және/немесе жеке бақылау тапсырмаларын пайдаланады, сондай-ақ оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді. Арнайы мектептерде және жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы әзірлейді. Түзету компонентінің пәндері бойынша балдық бағалар қойылмайды. Жартыжылдық және оқу жылының соңында «Музыка», «Музыка және ән айту», «Еңбекке баулу», «Көркем еңбек», «Бейнелеу өнері», «Қол еңбегі», «Дене шынықтыру», «Бейімделген дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» пәндері бойынша «сыналды» / «сыналмады» қойылады.

Зиятының жеңіл және орташа төмендігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқушыларға сараланған және жеке көзқарасты қолдану арқылы жүзеге асырылады. Жетістіктерді бағалау кезінде әртүрлі типологиялық топтардағы оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік мақсат қою негізінде критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Зияты төмендігі жеңіл оқушылардың жетістіктері бес балдық шкала бойынша бағаланады. Нөлдік және бірінші сыныптарда балдық бағалар қойылмайды. Оқытудағы ілгерілеу нәтижесі оқушылардың іс-әрекет өнімдерін (жазбаша жұмыстар, суреттер, қолөнер) талдау, сөйлеуді дамыту деңгейі және сабақтағы іс-әрекетті бақылау негізінде анықталады және сипаттамалық сипатта болады. Зият төмендігі орташа оқушылардың жетістіктерін бағалау кезінде жеке оқу бағдарламаларында ұсынылған оқу мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін көрсететін критериалды сипаттамалық бағалау пайдаланылады.

Медициналық көрсеткіштер бойынша үйде оқитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін педагог оқу жүктемесін және олар зерттеген оқу материалын ескере отырып, жеке бақылау тапсырмаларын әзірлейді.

### III Бағалаудың негізгі ерекшеліктері

#### **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ**

Бағалау нормативтік құқықтық актілерге және педагогтерге, ата-аналар мен білім алушыларға көмек ретінде әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес жүргізуі тиіс:

– 2020 жылғы 28 тамыздағы енгізілген өзгерістерге сәйкес «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

– «Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы;

– Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде орта мектеп үшін критериялды бағалау және құжаттау рәсімдері жөніндегі нұсқаулық;

– Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулық;

– Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал;

– Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде формативті бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;

– Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;

– Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік әзірлемелерді мына сайттардан табуға болады: [www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz), [www.smk.edu.kz](http://www.smk.edu.kz).

#### *Критериялды бағалаудың құрылымы*

Критериялды жүйенің негізгі компоненттері формативті (ФБ) және жиынтық бағалау (ЖБ) болып табылады.

#### **ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ**

Формативті бағалау – критериялды бағалау жүйесінің негізгі элементі. Жиынтық бағалаудың нәтижесі де ФБ қалай ұйымдастырылғанына байланысты. ФБ білім алушылардың білімін меңгеру мен дағдыларын қалыптастырудың ағымдағы деңгейін анықтайды, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын және оқу мақсаттарына қол жеткізетінін түсінуге мүмкіндік береді.

Бағалаудың бұл түрі педагогке білім алушының жеке жетістіктері мен оқудағы ілгерілеуі туралы толық көрініс алуға мүмкіндік береді, сондықтан жиынтық бағалау жүргізілгенге дейін оқу процесін уақтылы түзетуге және білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға көмектеседі.

ФБ білім алушылардың сабақта нақты тапсырмаларды немесе әрекеттерді орындауы кезінде үнемі кері байланыс беруге бағытталған. Әр сабақ білім алушылардың өздері түсіну деңгейінде оқыту мақсаттары мен оларға қол жеткізу

критерийлерін айтудан/көрсетуден басталуы керек. Білім алушы оқытудың мақсатын түсініп, оған қалай қол жеткізуге болатынын түсінуі керек.

